

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ
Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**«Бекітемін»
Академия бастығының
ғылыми жұмысы жөніндегі
орынбасары, з.ғ.к.
полиция полковнигі
_____ О.Т. Сейтжанов**

2019 ж. «_____» _____

5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

**ISAP 3233
«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ»
пәні бойынша
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 3

Семестр: 5

Кредит саны: 1 (45 с.)

Дәріс: 6 с.

Семинарлық сабақ: 9 с.

Тәжірибелік сабақ

КОӨЖ: 15 с.

КӨЖ: 15 с.

Емтихан:

Қарағанды 2019

**ПО сотқа дейінгі тергеу бейіні - 5B030300 – «Құқық қорғау қызметі»
мамандығына арналған
ISAP 3233 –
«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ»
пәні бойынша
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

Құрастырушы: Қалиев Абылай Ақылбайұлы, кафедра аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры.

**Кафедра отырысында қаралды.
2019 жылғы «11» маусым, № 20 хаттама**

**Азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры**

Д.Қ. Райбаев

**ОӘК отырысында қаралды.
2019 жылғы «_11_»_07_, № 11 хаттама.**

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019

2.1. Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300 «Құқыққорғау қызметі» - ПО сотқа дейінгі тергеу бейіні
2. Курс, семестр	3 курс, 5 семестр
3. Пән циклы	Таңдау бойынша компонент
4. Кредиттер саны	2
5. Сабақты өткізу орны	Оқу аудиториялары, дәріс залы
6. Дәріс беруші (Т.А.Ә, лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа байланыс ақпараттары)	Калиев Абылай Ақылбайұлы, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Жұмыс тел. 3-11
7. Қалған сабақтар түрлерін өткізетін оқытушы (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа байланыс ақпараттары)	Калиев Абылай Ақылбайұлы, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, Жұмыс тел. 3-11

2.2. Пререквизиттері: «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәнін оқып-білу және дұрыс түсіну үшін «Мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы», «Рим құқығы», «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)», «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)», «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы», «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы», «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» және т.б. пәндерінің білімдерін білу қажет

2.3. Постреквизиттері: Жоғарыда аталған оқу пәндерін және осы пәнді меңгеру жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің бұзылған немес даулы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нысандар мен тәсілдері, интеллектуалдық меншік құқығы мен авторлық құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттері, интеллектуалдық меншік құқығы мен авторлық құқық объектілерінің ұғымы мен мазмұны туралы қажетті білімдерді алуға септігін тигізеді. «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәні «Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасын қолданудың теориясы мен практикасы», «Халықаралық жеке құқық», «Шарттық құқық», «Кәсіпкерлік құқық» және т.б. курстарды оқып білу үшін негізгі пәндердің бірі болып табылады.

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Нарықтық экономика кезеңінде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін құқықтық реттеу және қорғау ерекше орынға ие болды. Мемлекетіміздің ХСҰ кіруі интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты иеленушілердің құқығын қорғауды қамтамасыз етуді талап етті. Қазақстан

Республикасы ІІМ оқу орындарының курсанттарына «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәнін жан-жақты игеруге мүмкіндік берілуі тиіс.

Интеллектуалдық меншік құқығы интеллектуалдық меншік объектілеріне құқыққа ие болу мен қорғау бойынша қатынастарды реттейтін азаматтық заңнама институттарының бірі.

Пәнді оқытудың мақсаты.

«Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәнін оқытудың мақсаты:

- білім алушыларда интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне авторлық, аралас және патенттік құқық саласындағы қазіргі заманғы негізгі білімдерді қалыптастыру;

- интеллектуалдық меншік құқығы, авторлар мен жасап шығарушылар құқықтары объектілерінің құқықтық режимін реттейтін нормаларды дұрыс қолдану мен білімдерді жүйелеу;

- интеллектуалдық меншік құқығы мен авторлық құқық нормаларын бір жиынтықта оқыту;

- азаматтық, оның ішінде интеллектуалдық меншік құқығы мен авторлық құқықты реттейтін заңнаманы дұрыс қолдана білу үшін заң нормалары мен сот практикасын түсіндіру.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманың ерекшеліктері жөніндегі білімдерді;

- интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі заңнама нормаларын қолдану бойынша практикалық дағдыларды;

- болашақ заңгер мамандарда мемлекеттің, заңды тұлғалар мен азаматтардың интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау дағдыларын қалыптастыру.

«Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәнін игерудің нәтижесінде бакалавр:

- соңғы өзгертулер мен толықтырулар ескеріле отыра интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнаманың негізгі ережелерін;

- интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықты реттеу саласындағы ең маңызды өзекті практикалық проблемаларды;

- интеллектуалдық меншік құқығының теориялық және практикалық проблемаларын;

- тиісті заңнаманы қолданудың практикасын, интеллектуалдық қызмет нәтижелерін құқықтық реттеудің теориялық проблемаларын **білуі қажет;**

- интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне авторлық, аралас және патенттік құқықты реттеу саласында пайда болатын практикалық жағдайларды шешу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қолдана алуы;

- интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықты тіркеу рәсімін қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттарды, сараптамалық қорытындылар, заң құжаттарының жобаларын жасай **алуы қажет;**

- интеллектуалдық меншікті құқықтық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актімен жұмыс жасау дағдысына;
- талдау жүргізе білу, интеллектуалдық қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманы қолдана білу дағдысына;
- интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықты қорғауды қамтамасыз ету барысындағы білімдерін пайдалану және жаңарту дағдысына;
- интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықты соттық қорғау әдістері мен тәсілдерін игеру дағдысына **ие болуы қажет.**

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі:

№	Жұмыстар түрлері	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсын-ылған әдеби-еттер тізіміне сілтеме	Бақ-ылау ныса-ны	Балдар (рей-тингтік жүйеге сәйкес)	Есеп беру нысан-дары	БӨЖ тапсыру
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1.Дәрістер конспект-ілерін тексеру 2.Кесте жасау 3.Тапсыра шешу	Ағымда-ғы бақылау	1,8,13, 15, 17, 18, 19, 24, 25, 31, 35, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46		0-100	Жауап Кон-пекті	Кесте бойынша
2	1.Тақырып бойынша сұрау 2.Кесте жасау. 3.Тапсырма шешу	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3, 18,19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон-спекті	Кесте бойынша
3	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3.Ағымдағы тестілеу	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон-спекті Тест	Кесте бойынша
4	1. Тақырып бойынша сұрау	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3,		0-100	Жауап Кон-спекті	Кесте бойынша

	2.Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі 3. Тапсырма шешу 4.Ағымдағы тестілеу 5.Іскерлік ойын		18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33			Тест	
5	1. Тақырып бойынша сұрау 2.Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі 3. Тапсырма шешу 4.Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18,19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон- спекті Тест	Кесте бойынша
6	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3. Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон- спекті Тест	Кесте бойынша
7	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3. Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон- спекті Тест	Кесте бойынша
8	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32,		0-100	Жауап Кон- спекті Тест	Кесте бойынша

	конспектісі. 3.Кесте жасау 4.Ағымдағы тестілеу		33				
--	--	--	----	--	--	--	--

2.6. Курс саясаты:

а) сабақтар кестесіне сәйкес барлық аудиториялық және аудиториядан тыс КОӨЖ сабақтарына міндетті қатысу;

ә) сабақтарға үнемі дайындалу;

б) семинарлық және КОӨЖ сабақтарында белсенділік таныту;

в) жіберіп алған сабақтарды оқытушымен, кафедраның өтем қабылдау кестесімен белгіленген уақыттарда өтеу;

г) өзіндік дайындық сабақтарының барлық түрлерін уақытылы орындау;

д) тәртіпті сақтау.

Жол берілмейді:

- сабаққа кешігуге және одан кетуге;

- тапсырманы уақытында тапсырмауға;

- сабақ үстінде ұялы телефон қолдануға, беталды әңгімелер айтуға, сағыз шайнауға;

- алдауға және плагиатқа.

2.7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі

№ р/н	Автор, атауы	Жылы, шыққан басылымы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
2	Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». 2018 жылғы 10 қаңтар.	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
3	Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымыздың 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
4	Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы» 2009 жылғы 24 тамыздағы №	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.

	858 Жарлығы // 2009 ж.	
5	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
6	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 ж. 1 шілде. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
7	Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
8	Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
9	Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексі. 2015 жылғы 29 қазан (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
10	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 2014 ж., 3 шілде (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
11	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2014 жылғы 5 шілде. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
12	Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы Заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
13	Қазақстан Республикасының «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 ж. 13 шілдедегі Заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
14	Қазақстан Республикасының «Патент туралы» 1999 ж. 16.07. заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
15	«Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .

	26 шілдедегі Заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	
16	Қазақстан Республикасының «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 ж. 29 маусымдағы Заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
17	«Өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 136 бұйрығы (2018.13.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
18	«Кейбір өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілері бойынша тиісті мемлекеттік тізілімдеріне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру жөніндегі ережелерді бекіту және «Өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғаудың кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 136 бұйрығы (2018.13.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
19	«Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 91 бұйрығы (2018.13.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
20	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны іске асыратын жұмыстарға және қызметтерге бағаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 368 бұйрығы (2017.07.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.
21	«Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015	Параграф-WWW: http:// online.zakon.kz.

	жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығы (2017.20.12. берілген өзгерістер мен толықтыру)	
Интеллектуалдық меншік құқығын қорғау сұрақтары бойынша халықаралық шарттар		
22	Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі 1883 жылғы 20 наурыздағы Париж конвенциясы (орыс тілінде).	http://www.wipo.int/edocs/lexdocs/treaties/ru/paris/trt_paris_001ru.pdf
23	Белгілерді халықаралық тіркеу жөніндегі 1891 жылғы 14 сәуірдегі Мадрид келісімі (орыс тілінде)	http://docs.pravo.ru/document/view/18271923/15926489
24	Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтерді Халықаралық жіктеу жөніндегі 1957 жылғы 15 маусымдағы Ницц келісімі (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=341643
25	Өнеркәсіптік үлгілерді Халықаралық жіктеуді бекіту жөніндегі 1968 жылғы 8 қазандағы Локарн келісімі (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=343696
26	Патенттік кооперация жөніндегі 1970 жылғы 19 маусымдағы шарт (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/edocs/lexdocs/treaties/ru/pct/trt_pct_001ru.pdf
27	Халықаралық патенттік жіктеу жөніндегі 1971 жылғы 24 наурыздағы Страсбург келісімі (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/treaties/ru/classification/strasbourg/
28	Патенттік мақсаттар үшін микроағзаларды сақтауға беруді халықаралық тану жөніндегі 1977 жылғы 28 сәуірдегі Будапешт шарты (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=281784
	Патенттік мақсаттар үшін микроағзаларды сақтауға беруді халықаралық тану жөніндегі Будапешт шартына Нұсқаулық (2002 жылдың қазан айынан бастап күшінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=281796
29	Олимптік рәміздерді қорғау жөніндегі 1981 жылғы 26 қыркүйектегі Найроби шарты (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=287417
30	Белгілерді халықаралық тіркеу жөніндегі Мадрид келісіміне 1998 жылғы 27 маусымдағы хаттама (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/madrid/ru/legal_texts/protocol/madrid_protocol.htm

31	Тауар белгілері бойынша заңдар туралы 1994 жылғы 27 қазандағы Шарт (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=381258
	Тауар белгілері бойынша заңдар туралы Шартқа Нұсқаулық (1994 жылдың 27 қазанында қабылданды) (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=381298
32	Патенттік құқық туралы 2000 жылғы 1 маусымдағы шарт (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=288776
	Патенттік құқық туралы шартқа нұсқаулық (2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста) (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/details.jsp?id=12643
33	Тауар белгілері бойынша заңдар туралы 2006 жылғы 27 наурыздағы Сингапур шарты (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=290024
	Тауар белгілері бойынша заңдар туралы Сингапур шартына нұсқаулық (2011 жылдың 1 қарашасынан күшіе енді) (орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/treaties/text.jsp?file_id=290025
34	Авторлық құқық және орындау мен фонограмма бойынша Халықаралық интеллектуалдық меншік ұйымының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы Женева шарттары(орыс тілінде)	http://www.wipo.int/wipolex/ru/details.jsp?id=12639
2. Негізгі әдебиеттер		
35	Шапошник Ю.Н. Основы инновационной деятельности и патентоведения. Инновационное развитие в Казахстане и за рубежом - учеб. пособие	М-во образования и науки РК. - Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2009. - 49 с.
36	Бельдеубаев Б.А. К вопросу инновационного развития и структурных преобразований промышленности Казахстана	АльПари. - 2005. - №1. - С. 21-23.
37	Шилохвост О. Ю. Наследование прав на результаты интеллектуальной деятельности и средства индивидуализации	Патенты и лицензии. - 2008. - №1. - С. 25-35.
38	Олехнович Г.И. Интеллектуальная собственность и проблемы ее коммерциализации: монография	Минск: Амалфея, 2005.-128с.

39	Никитина И. Инновационный патент РК - новация патентного закона: материал технической информации	//Интеллектуальная собственность Казахстана. - 2007. - №2. - С. 7-10.
40	Кастальский В.Н. Авторское вознаграждение за использование служебных изобретений	Патенты и лицензии. - 2008. - №3. - С. 44-52.
41	Гаврилов Э.П. Зависимые изобретения и "столкновения" патентных заявок	Патенты и лицензии. - 2008. - №3. - С. 17-26.
42	Карпухина С.И. Защита интеллектуальной собственности и патентование : Учебник	Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 392 с.
43	Кадырова Т.Е. Основы патентного права и патентования в Республике Казахстан: учебник	М.: Проспект, 2013. – 528 с.
44	Умарова Т.А. Основы патентования и инновационной деятельности : метод. указания к практ. работам для студ. всех спец. металлург. профиля дневной и заочной форм обучения / Т. А. Умарова, Т. В. Скосарева	Министерство образования и науки РК. - Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2009. - 49 с.
3. Қосымша әдебиеттер		
45	Канторович А.Я. Авторское право на литературные, музыкальные, художественные и фотографические произведения. - Петроград, 1916. С.109.	Промышленная собственность. - 2008. - №2. - С. 68-71.
46	Гаврилов Э.П. Авторское право. Издательские договоры. Авторский гонорар. - М.: Юрид.лит., 1988. С.10.	Саясат. - 2004. - №1 . - С. 77-80
47	Гордон М.В. Советское авторское право. - М.: Изд. юрид.литература, 1995. С.59.	Издательство: СТАТУ, 2012.
48	Иоффе О.С. Основы авторского права. - М.: изд-во "Знание", 1969. С.15.	Издательство Инфра-М., 2012
49	Серебровский В.И. Вопросы советского авторского права. - М.: Изд-во академии наук СССР, 1956. С.32.	Издательство: Юнити Закон и право - 2012 г.
50	Сергеев А.П. Авторское право России. - СПб, 1994. С24.	Издательство: Интуит - 2012 г.
51	Горький М. Доклад на Первом Всесоюзном съезде советских писателей. -"Известия", 19.08.34.	Издательство: СТАТУТ – 2011 г.
52	Гражданское право. Учебник. Часть III / Под ред. А.П.Сергеева, Ю.К.Толстого. - М.: Проспект, 1998. С.53.	Издательство: - СТАТУТ, 2011 г.

3. Интернет-қайнар көздер		
53	Электронный бюллетень 2018 год [Электронный ресурс].	РГП «НИИС (Национальный институт интеллектуальной собственности) kazpatent@kazpatent.kz
54	Право интеллектуальной собственности 2-е изд., испр. и доп. Учебник и практикум для академического бакалавриата. 2-е изд, исправленное и дополненное. - Под общей редакцией Е.А.Поздняковой, [Электронный ресурс].	Москва, Юрайт, 2018г. Книга доступна в электронное библиотечной системе biblio-online.ru
55	Жарова А.К. Защита интеллектуальной собственности: учебник для бакалавриата и магистратуры / А. К. Жарова, С. В. Мальцева ; под общ. ред. С. В. Мальцевой. - 2-е изд., перераб. и доп. [Электронный ресурс].	М. : Издательство Юрайт, 2015. - 426 с. / Юрайт, электронная библиотека
56	Авторское право - Электронный курс.	http://www.copyrighter.ru/
57	Интеллектуальная собственность и закон. Теоретические вопросы - Электронный курс.	http://lib.ru/PRAWO/BLIZNEC/zakon.txt
58	Портал Copyright.ru: Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. Патентное право	http://www.copyright.ru
59	Черный А.А. Авторские права на произведения науки, программы для ЭВМ: Учебное пособие.	Пенза: Изд-во Пенз. гос. ун-та, 2010. - 300 с.

**2.8. «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәні бойынша
КОФ 3 курс курсанттарына арналған
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

Тақырып номері	Тақырып атауы	Аудиторялық сағаттар			КОӨЖ	КӨЖ
		Дәрістер	Семинарлық сабақтар	Тәжірибелік сабақтар		
1	Интеллектуалдық меншік құқығының құқық жүйесіндегі алатын орны және қайнар көздері	1	1	-	2	2
2	Авторлық құқық	1	1	-	2	2
3	Сабақтас құқықтар. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудағы ПО рөлі	-	1	-	2	2
4	Селекциялық жетістіктерге құқық	1	1	-	1	1
5	Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар	-	1	-	1	1
6	Өндіріс құпиясына құқық	-	1	-	1	1
7	Патенттік құқықтарды ресімдеу. Өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретіндегі патент	1	1	-	3	3
8	Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары	2	2	-	3	3
	Барлығы	6	9	-	15	15

2.9. Сабақтар жоспары

№ 1 тақырып. Интеллектуалдық меншік құқығының құқық жүйесіндегі алатын орны және қайнар көздері

Сабақтың мақсаты: Курсанттарда «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәні жөнінде жалпы түсінікерін қалыптастыру, Қазақстандағы заманауи құқықтық білім беру аясында осы құқық саласын меңгерудің қажеттілігін негіздеу.

«Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» саласының ұғымымен таныстыру және қазіргі қоғамдағы ерекше рөлі мен маңыздылығын түсіндіру.

Дәріс- 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Интеллектуалдық меншік құқығының ұғымы, мазмұны және қағидаттары.
2. Интеллектуалдық меншік құқығының объектісі. Интеллектуалдық меншік объектілерінің құқықтық табиғаты
3. Интеллектуалдық меншік құқығының негізгі институттары.

Дәрістер тезісі:

Интеллектуалдық меншік құқығының түсінігі жайында біздің цивилистикада даулар осы уақытқа дейін жүріп жатыр. Кейбір ғалымдар бұл түсінікті басынан дәл және ғылыми емес деп санайды, яғни онымен пайдалануға құқықтық актілерінде емес, тек қана саяси актілерінде мүмкіндік береді. Бұл дау 19 ғасырдың аяғынан бастап созылып келе жатыр.

«Интеллектуалдық меншік» түсінігінің пайда болуын әдетте 18 ғасырдың Франция заңнамасымен байланыстырады. Атап айтқанда, француздар (Вольтер, Дидро, Гольбах, Гельцевий, Руссо) табиғи құқығы теориясына сүйене отырып, «интеллектуалдық меншік» түсінігін белсенді нығайтты. Осы теория бойынша - шығарушының құқығы әр шығармашылық нәтижесіне (әдебиеттік, музыкалық, бейнелік) тек қана оның тартып алынбайтын, табиғи құқығы, және осы жағдайда материалдық зат шығарушының меншік құқығына ұқсас. Меншік құқығы сияқты, шығармашылық әрекеттерінің нәтижесіне құқығы оның иесіне нәтижемен өз ойы бойынша пайдалану мүмкіндік береді, сонымен қатар әрбір тұлғалардың оның заң иесі сферасына қолсұғуын жоқтыртады.

Алғашқы авторлық және патенттік заңдар қазіргі заман мағынасында Англияда пайда болды. 1623 жылы Яков Стюарт кезеңінде «Монополиялар туралы Статуты» қабылданып, оның ішінде әр шығармашының артында тек қана оның тартып алынбайтын, корольдің еркіне қарамай құқығы бекітілді, шығарған және іске асырылған техникалық жаңалықтың иесіне 14 жыл ішінде монополия түрінде оның артықшылықтары мен пайдаларын иеленіп алу құқығы тіркелді. 1710 ж. – алғашқы «Королева Аннаның Статуты» авторлық Заңы авторға тек қана оның тартып алынбайтын 14 жыл ішінде шығармасын жариялау және де тағыда 14 жылға автордің

өмірі бойы созылуына мүмкіндік береді. Англияның артынан патенттік және авторлық заңдар басқа да еуропалық мемлекеттерде және АҚШ-та қабылданды. Авторлар өз еңбектерінің нәтижелерін сатуға мүмкіндіктерге ие болды.

Ең түсінікті және теориялық өтелген әдебиеттік және өнеркәсіптік меншігі түсініктемелері кейін интеллектуалдық меншігі конструкциясына бірлесті.

Отандық заңнамада интеллектуалдық меншік түсінігін осылай деп белгілеуге болады: *«Интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне, сондай-ақ азаматтық айналым қатысушыларының құралдарын жекелендіру және олармен өндірілген тауарларды және (жұмыс, қызмет) өзгеде кеңестіріліген объектілердің жиынтығы»*.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 961 бабында санаткерлік меншік құқығын объектілеріне:

- интеллектуалдық қызмет нәтижелерін
- азаматтық айналым қатысушыларының құралдарын жекелендіруді жатқызады.

- Санаткерлік қызмет нәтижелеріне
- әдебиеттік, өнер, және ғылыми шығармалары;
- фонограммалар, орындаулар, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабары;

- өнертабыстар, пайдалы модельдер, өндірістік үлгілер;

- селекциялық жетістіктер;

- интегралдық микротәсім топологиялары;

- ашылмаған ақпарат, соның ішіндегі өндірістік құпиялар («ноу-хау»)

Азаматтық Кодексімен немесе өзгеше заңдық актілермен қарастырылған басқа интеллектуалдық қызмет нәтижелері

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы интеллектуалдық меншік құқығының, біріншіден, азаматтық құқыққабилеттілігінің элементі деп таниды. (ҚР АҚ 14 бабы). Интеллектуалдық меншіктің артықшылық құқық ретінде санауы ҚР АҚ-нің 125 бабында қарастырылған. Айрықша құқық дегеніміз авторлардың немесе өзге құқық иеленушілердің өз қалауы бойынша санаткерлік құқық объектілерімен пайдалануға мүлкітік құқық.

Интеллектуалдық меншік құқықтарының азаматтық құқықтарының объектісі ретіндегі белгілері:

- құқықтың абсолюттік мінезі;

- заңмен қарастырылған жағдайларда, құқықтардың қорғалуы;

- құқықтардың территориалдық және уақытша әрекет етуінің шектелуі;

- құқықтарды қорғаудың көп мүмкіндіктері

- құқықтардың ерекше нысанда бекітілуі және объектіні меншіктену жағдайы.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін қазіргі заманда топтастырылған құжаты – ол Дүние жүзілік интеллектуалдық меншік ұйымын ұйымдастырған (учредитель) Конвенциясы (14.07.67).

Азаматтық айналым қатысушыларының құралдарын жекелендіру және олармен өндірілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді ҚР АҚ келесілерді қарастырады:

- 1) фирмалық атаулар;
- 2) тауар таңбалары;
- 3) тауар шығарылатын жерлердің атаулары;
- 4) қызмет көрсету таңбалары ж.т.б.

Әр интеллектуалдық меншік құқығының объектісімен заңды иелену үшін басты негізі болатын - тұлғаның айрықша құқығы. АҚ 125 бабы құқықтың қорғаулы күшті әсерін көрсетеді. Үшінші тұлғалармен санаткерлік меншік құқығының объектісімен пайдалану үшін заң иесінің рұқсаты міндетті түрде қажет. Ал аталған заңның 964 бабы, айрықша құқықты интеллектуалдық меншік құқығының объектісін автордың немесе заңды иесінің өз қалауы бойынша әртүрлі тәсілдермен қолдануға мүліктік құқығы деп таниды. Субъектілерде-заниеленушілерде мүліктік емес жеке құқықтар (есімге құқығы, атағын қорғауға құқығы, дербес(неприкосновенность) құқығы) және мүліктік құқықтар (өнертабысты тарату, шығару, басу, қолдану) пайда болады. Субъектілердің – интеллектуалдық меншік жайындағы қатысушылардың 2 тобына бөлінуінің көрсетуі қажет: ол авторлар және объектілерге құқықиеленушілер.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізмі **1, 2, 3, 5, 6, 9, 37, 38, 54, 57, 58**

№ 1 тақырып. Интеллектуалдық меншік құқығының құқық жүйесіндегі алатын орны және қайнар көздері

Сабақ мақсаты:

- а) интеллектуалдық меншік құқығының негізгі қағидаттарының мазмұнын ашу, интеллектуалдық меншік құқығына сипаттама беру;
- ә) интеллектуалдық меншік құқығы институттарының жүйесіндегі жеке мүліктік емес құқықтардың мазмұнын ашу, интеллектуалдық меншік объектілері айналымын реттеудегі халықаралық актілер. Сот тәжірибесі. Іскерлік айналымның әдет-ғұрыптары.

Семинарлық сабақ – 1 сағат

ЖОСПАР

1. Интеллектуалдық меншік объектілері.
2. Интеллектуалдық меншік құқығының субъектілері.
3. Интеллектуалдық меншік құқығы институттарының жүйесіндегі жеке мүліктік емес құқықтар.
4. Интеллектуалдық меншік құқығы қайнар көздерінің жалпы сипаттамасы. Халықаралық актілер.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

1.«Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәні бойынша оқу әдебиеттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің 5 бөлімі 49 тарауының негізгі ережелерімен танысу, қысқаша конспектін жасау (әдебиетер тізімін қараңыз).

4. Интеллектуалдық меншік объектілері айналымын реттеудегі халықаралық актілермен танысу, тізбесін жасау, негізгі ережелерін конспектилеу.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізмі

1, 2, 3, 5, 6, 9, 37, 38, 54, 57, 58

№ 1 тақырып. Интеллектуалдық меншік құқығының құқық жүйесіндегі алатын орны және қайнар көздері

КОӨЖ – 2 сағат

Тапсырма орындау

Өткізу нысаны: ауызша жауап, талқылау.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектилеу және т.б.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізмі

1, 2, 3, 5, 6, 9, 37, 38, 54, 57, 58

№ 1 тақырып. Интеллектуалдық меншік құқығының құқық жүйесіндегі алатын орны және қайнар көздері

КӨЖ – 2 сағат

№ 1 Тапсырма

Мына түсініктерді білдіретін мысалдар келтіріңіздер:

- «интеллектуалдық меншік»;
- «интеллектуалдық меншіктің объектісі»;
- «интеллектуалдық қызметтің нәтижесі»;
- «интеллектуалдық құқықтар»;
- «жеке мүліктік емесе құқықтар»;

- «айрықша құқықтар»;
- «интеллектуалдық меншіктің субъектілері».

Осы түсініктердің бір-бірімен ара-қатынасын анықтаңыздар және бұл өзарабайланысты графикалық тұрғыда көрсетуге тырысыңыз.

№ 2 Тапсырма

Әр түрлі құқықтық мектептердің заңгер ғалымдарының «интеллектуалдық меншік» ұғымына қатысты айтқап пікірлеріндегі айырмашылықтарды табыңыздар.

№ 3 Тапсырма

Интеллектуалдық меншік құқығы мен заттық құқық ұғымдарын талдауға қатысты әртүрлі көзқарастарға талдау жасаңыз.

Бұл көзқарастардың ұқсастығы мен айырмашылығы неден көрінеді? Жүргізілген талдаудың нәтижесін кесте түрінде ресімдеңіз.

Айырмашылық (ерекшелік) санаттары	Заттық құқық	Интеллектуалдық меншік құқығы
Объектісіндегі айырмашылықтар		
Құқықтық реттеудегі айырмашылықтар		
Басқа да ерекшеліктер		

№ 4 Тапсырма

Азаматтық айналымдағы интеллектуалдық меншік объектісін айырмашылығын қалай, қандай механизмдер арқылы белгілдеуге болатынын талдаңыздар. Жауапты негізденіңдер.

№ 5 Тапсырма

Интеллектуалдық құқықты түрлері бойынша жіктеудің сызбасын жасаңыздар.

№ 6 Тапсырма

«Интеллектуалдық меншік құқығының шарттық институттары» сызбасын жасаңыздар.

Өзін-өзі бақылау материалдары:

Өзін-өзі бақылау үшін тестілік тапсырмалар.

№ 2 тақырып. Авторлық құқық

Сабақтың мақсаты: Авторлық құқық – интеллектуалдық меншік құқығының негізгі институты. Сондықтан бұл сабақтың мақсаты курсанттарға

авторлық құқықтың негізгі ережелерін, оның мазмұнын және одан шығатын субъективтік құқықтар мен міндеттерді түсіндіру қажет.

Дәріс- 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Авторлық құқықтың объектілері.
2. Авторлық құқықтың субъектілері.
3. Авторлық құқықтың мазмұны. Қызметтік туындыларға авторлық құқық

Дәріс тезисі:

Авторлық құқық – азаматтық құқықтың бір институты. Азаматтық құқығы пәнімен реттелетін қатынастарының ішінде бірталай орын алатын ол - ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирдік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (сабақтас) жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастар.

Осы қатынастарды реттейтін нормалар азаматтық құқықтың дербес институтын құрастырады – авторлық құқық және сабақтас құқықтар.

«Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 6 бабының 1 пунктіне сәйкес *«авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады».*

Авторлық құқық объектілері болып табылған туындыларының түрлері, АҚ 972 бабы мен «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 7 бабында түгенделген (перечислены), олар:

1. әдеби туындылар;
2. драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
3. сценарий туындылары;
4. хореография және пантомима туындылары;
5. мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар; (с текстом и без текста)
6. дыбыс-бейнежазу туындылары;
7. кескіндеме (живопись), мүсіндеме (скульптура), графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
8. қолданбалы өнер туындылары;
9. сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;
10. суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындары;
11. карталар, жоспарлар, нобайлар (эскизы), безендірулер (иллюстрации) және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
12. ЭЕМ (электронды-есеп машиналар) арналған бағдарламалар;
13. өзге де туындылар.

Авторлық құқық объектілеріне мыналар да жатады:

1. туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер (обработки), аннотациялар, рефераттар, түйіндер (резюме), шолулар (обзор), инсценировкалар, музыкалық өңдеулер (аранжировки) және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);

2. жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары және материалдардың іріктелуі немесе орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар)

Субъективтік авторлық құқық дегеніміз - ол екі тығыз байланысты мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтардан тұратын, комплекстік азаматтық құқығы.

Авторлық құқық айқындалған (определенный) және заңмен белгіленген мерзімнің ішінде әрекет етеді.

АСКЗ-ң 28 бабына сәйкес авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы немес қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Көзделген мерзім сол мерзімнің басталуы үшін негіз болып табылатын заңды факт болған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептеле бастайды. (мәселен, автор 2000 жылдың жаз айында қайтыс болса, оның мұрагерлерінің құқықтарының әрекет етуі 70 жыл өткеннен соң тоқтайды, 2001 жылы 1 қаңтар айынан бастап, 2070 жылдың 31 желтоқсанына дейін). Авторлық құқықтардың мерзімімен байланысты аталған ережелер тек қана мүліктік құқықтарға тән, ал мүліктік емес жеке құқықтар (соның ішінде авторлық құқық, автор есімінің құқығы мен оның беделін қорғау құқығы) мерзімсіз қорғалады.

АСКЗ-ң -35 бабына және АҚ 986 бабына сәйкес «орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары сабақтас құқықтардың субъектілері болып табылады». Фонограмма жасаушы, эфир және кәбіл бойынша хабар таратушы ұйымдар көзделген құқықтарын орындаушымен және фонограммаға жазылған не эфирде немесе кабель бойынша берілетін туындыны орындаушымен, сондай-ақ оның авторымен жасалған шарт бойынша алған құқықтары шегінде жүзеге асырады.

Объектілер және субъектілермен байланысты сабақтас құқықтар 3 түрге бөлінеді:

1. орындаушының құқықтары;
2. фонограмма жасаушының құқықтары;
3. хабар тарату ұйымының құқықтары.

Сабақтас құқықтардың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін қандай да болсын формальдылықты сақтау талап етілмейді. Фонограмма шығарушы және (немесе) орындаушы өз құқықтары туралы хабарлау үшін фонограмманың әр данасында және (немесе) оның әрбір қорбындата (футляр) көрсетілетін және үш элементтен тұратын сабақтас құқықтарды қорғау белгісін пайдалануға құқылы, олар:

1. Қоршауға алынған латынша Р әрпі;
2. Айрықша сабақтас құқықтар иесінің есімі (атауы);
3. Фонограмманың алғаш жарияланған жылы.

АСКЗ-ң 49-бабының 1 тармағына сәйкес авторлық және сабақтас құқықтарды қорғауды сот:

- 1) құқықтарды тану;
- 2) құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру;
- 3) құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тыю; (пресечение действий, нарушающих право или создающих угрозу его нарушения)
- 4) айырылып қалған пайданы қоса алғанда, шығындардың орнын толтыру;
- 5) құқық бұзушы авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу алдарынан тапқан табысты өндіріп алу;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген, ең төмен жалақының жиырмадан елу мыңға дейінгі мөлшері сомасында өтем төлеу арқылы жүзеге асырылады. Зиянның орнын толтырудың немесе табысты өндіріп алудың орнына өтемақы мөлшерін сот белгілейді;
- 7) олардың құқықтарын қорғауға байланысты заң актілерінде көзделген өзге де шаралар қолдану арқылы жүзеге асырады.

№ 2 тақырып. Авторлық құқық

Сабақтың мақсаты: Авторлық құқық – интеллектуалдық меншік құқығының негізгі институты. Сондықтан бұл сабақтың мақсаты курсанттарға авторлық құқықтың негізгі ережелерін, оның мазмұнын және одан шығатын субъективтік құқықтар мен міндеттерді түсіндіру қажет.

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Авторлық құқықтың ұғымы және қолданылу саласы.
2. Авторлық құқықпен қорғалатын интеллектуалдық қызмет нәтижелерінің ұғымы және түрлері.
3. Ғылым, әдебиет және өнер туындыларына айрықша құқықтың қолданылуы.
4. Авторлық құқықпен қорғалмайтын объектілер. Қызметтік шығармалар.

Ұсынылатын әдебиттердің тізімі

1, 2, 3, 5, 6, 9, 12, 14, 17, 19, 21, 22, 27, 28, 39, 40, 45, 46, 47, 48, 56, 58, 59

№ 2 тақырып. Авторлық құқық

КОӨЖ – 2 сағат

Тапсырмаларды шешу

КООЖ өткізу нысаны: ауызша, тестілік тапсырмалар шешу.

Әдістемелік ұсынымдар

1. Негізгі әдебиеттерді зерделеу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектілеу және т.б.
4. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

№ 2 тақырып. Авторлық құқық

КӨЖ – 2 сағат

№ 1 тапсырма

Авторлық құқықтың түрлері бойынша жіктелуін сызба түрінде көрсетіңіз.

№ 2 тапсырма

Авторлық құқық объектілерінің белгілерін көрсететін ережелер бар материалдық құқық нормаларын анықтаңыздар.

№ 3 тапсырма

Авторлық құқықтың негізгі қайнар көздерінің тізбесін және қолданылу аясын анықтаңыздар.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылау үшін тестілік тапсырмалар

№ 3 тақырып. Сабақтас құқықтар. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудағы ПО рөлі

Дәріс тезисі

Қазақстан Республикасының Конституциясында 20-бабының 1–тармағында сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілетіні баяндалған. Бұл дегеніміз еркін шығармашылық жұмыстарымен айналысуға жол берілу деген сөз. Әрбір адамның шығармашылығы авторлық құқықпен бекітіледі. Алайда кейінгі кездері ғылым, әдебиет, өнер туындыларын пайдалануға байланысты келеңсіздіктердің туындап жатқанына куә боламыз. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев "Қазақстан – 2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты 2012 жылдың 14 желтоқсанында арнаған жолдауында "авторлық құқықтар мен патенттер мәселелерін реттейтін заңнаманы қайта қарау" деп атап кеткен болатын. Келелі мәселелерді айқындамас бұрын, авторлық құқық ұғымына қысқаша тоқтала кетсек.

Авторлық құқық дегеніміз – санаткерлік меншік саласында ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (сабақтас құқық) жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін құқық түрі. 1996 жылы 10 маусымда қабылданған "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңға сәйкес авторлық құқық деп автордың мүліктік және мүліктік емес құқықтары түсініледі. Ол әрбір өнерпаздың, сөз зергерінің, өнертапқыштың, ғалымның жүрегінде тұратын қасиетті түсінік. Ал автор – шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 972–бабына және Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңының 7–бабына сәйкес авторлық құқық объектілері болып мыналар табылады:

1. Әдеби туындылар;
2. Драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
3. Сценарий туындылары;
4. Хореография және пантомима туындылары;
5. Мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
6. Дыбыс-бейнежазу туындылары;
7. Кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары; қолданбалы өнер туындылары;
8. Сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;
9. Суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
10. Карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
11. ЭЕМ–ге арналған бағдарламалар;
12. Өзге де туындылар.

Ал, авторлық құқықтың нысаны болып табылмайтын шығармалар: ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, басқа да заңдылық, әкімшілік, соттық, дипломатиялық сипаттағы мәтіндер, сол сияқты ресми аудармалар); мемлекеттік рәсімдер мен белгілер жалау, елтаңба, ордендер, ақша белгілері және басқа мемлекеттік рәсімдер мен белгілер); халық творчестволық шығармалары; ақпараттық сипаттағы оқиғалар мен фактілер туралы хабарлар.

Сонымен қатар, авторлық құқық объектілеріне мыналар да жатады:

1. Туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер, аннотациялар, рефераттар, түйіндер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық өңдеулер және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);
2. Жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және материалдарының іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар[4].

Авторлық құқық мәнді де, маңызды дүниелердің туындауына себепші болғандықтан қорғалуы да заңды. Яғни, Қазақстан Республикасында авторлық құқық Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңымен (бұдан әрі – Заң), 1942 жылғы 6 қыркүйектен Дүниежүзілік (Женева) авторлық құқықтар туралы Конвенция нормаларымен (Қазақстан оны бұрынғы КСРО–ның халықаралық міндеттемелерін және келісім-шарттарын заңды мұрагері ретінде таныған болатын), 1996 жығы желтоқсанның 20-нан авторлық құқықтар және орындау және фонограммалар бойынша Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Женевадағы Келісім-шарттың Ережелерімен (Қазақстан оларға 2004 жылғы сәуірдің 16-нан №545 және №546 Заңдарымен қосылды) және тағы басқа Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттелінеді.

Дегенмен қазіргі кезде адамзат үшін үлкен жетістік болып табылатын интернет желісі өзінің зиянын тигізуде де қалыс қалмады. Яғни интернеттегі авторлық құқықтың бұзылуы белең алып отыр. Авторлық құқықты бұзғаны үшін азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген, бірақ оған қарамастан авторлардың мүліктік емес құқықтарын қорғауда әлі де механизмдер жеткіліксіз, атап айтқанда интернеттегі авторлық құқықты реттейтін механизмдер. Қолымызда бар соңғы мәліметтер: Қазақстанда 10 млн. –ға жуық Интернетті пайдаланушы бар. Бұл жалпы халық санының 60 пайызға жуығы. Егер әлемдік ауқымда алатын болсақ, көрсеткіш 2,5 млрд. адамға жуық. Бұл желі арқылы жай ғана пікір алмасулар мен танысулар болып жатқан жоқ, мұнда түрлі өнімдерді сату, сатып алу жүзеге асырылады, әсіресе баспа өнімдерінің, авторлар туындылары мен ғылым саласында. Интернет желісі арқылы контрафактілік тауарлардың сатылымы тарауда. Интернет механизмі мәселесін былай қойып заңда берілген талаптарды да бұзып жатқандар саны аз емес. Бұның барлығы авторлық құқық саласындағы сауатымыздың кем екендігін, жалпы айтқанда құқықтық сананың төмен деңгейде екенін көрсетеді. Осының салдарынан көптеген құқық бұзушылықтар да болып жатады. Алайда, заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтыны анық. Көше бойын жағалай заңсыз диск саудалаушылар қаптап кеткен. Оның арасында не жоқ дейсіз? Адамның қанын суша ағызатын қылмысты насихаттайтын, тіпті өзін–өзі өлімге итермелеуді жарнамалайтын бейнефильмсымақтар өріп жүр. Сатушылар, әсіресе, бүгінде шетелдік боевиктер, ресейлік сериалдар мен өзбек фильмдеріне сұраныс көп екендігін айтады. Сондай-ақ сатира театрларының қойылымдары да қағаз қорапта көп жатпайтын көрінеді. Диск сатушыларға тыйым салу мүмкін болмай отырғандығын жасыруға болмас. Олардың көпшілікке ұсынып отырған өнімдерінің дені заңсыз көшіріліп басылған. Оны таратушылардың тайрандап кеткені соншалықты, тіпті заңда бұған арнайы бап бар екендігіне пысықырмайды да. Бүгінде шоу–бизнесе жүргендер аудио, бейне таспалар арқылы табыс табу мүмкін емес екендігін әлдеқашан–ақ мойындап қойған. Таспа шығысымен–ақ оның көшірмелері қаптап кетеді. Авторлық құқық туралы заңның аяққа тапталғанына осылайша куә болып жүрміз.

Енді кейбір ақпарат көздерін зейін салсақ авторларға төленетін қаламақы авторлық ұйымдардың қалталарына кетіп жатыр деген мәліметтер таралауда.

Бұл туралы "Алаш айнасы" атты газетте жарияланған Арман Асқар мыразаның мәліметіне жүгінсек: " Авторлар мейрамхана сияқты қоғамдық орындар үшін қаламақыны нақты бір соммасын белгілесе де, кейбір ұйымдар одан төмен «ставканы» қойып, гонорар төлейтіндердің санын барынша арттыруға тырысыпты деген мәліметтер бар" . Бұның барлығы авторлық құқық аясында болып жатқан олқылықтарды көрсетеді.

Мемлекетімізде авторлық құқық толыққанды қорғалсын десек төмендегі негізгі болып табылатын мәселелерді шешіп алғанымыз жөн:

- құқықтық сана сезімді мейлінше жоғары деңгейге көтеру. Себебі әрбір авторлық құқық аясымен байланысты болған адам ең алдымен қандай құқықтар мен міндеттерге ие болатындығын, қандай іс-әрекеттерге заң рұқсат ететінін, сонымен қоса тыйым салатынынан хабардар болуы керек;

- интернет саласының құқықтық реттелу мәселесі. Яғни интернеттегі авторлық құқық механизмдерін қалыптастыру. Интернет желісінің дамуына байланысты заңдарды да соған қарай бейімдеу;

- авторлық құқық бұзушылықтарды туындатып отырғандарға жазалау шарасын қатаңдату. Қатаң жаза тәртіпті күшейтеді.

Атақты америкалық композиторы, актеры, продюсеры Б. Шерманның айтқан сөздері орынды: «Белгілі бір мемлекетте шығармашылық тұлға қандай құрметке ие болатынын білудің ең оңай тәсілі- осы мемлекеттің авторлық құқық туралы заңнамасымен танысу». Әрбір елдің беделінің тұрақтылығын, мәдениетінің деңгейін көрсететін басты қажеттіліктің бірі – сол елдегі авторлық құқықтың қорғалу деңгейі. Оны айтпағанның өзінде, мемлекет пен мемлекет арасында қандай да бір іскерлік, әріптестік байланыс орнауы үшін алғашқы шарттылық ретінде сол мемлекеттердегі авторлар құқығының қорғалу деңгейі назарға алынады. Өйткені авторлық құқығы өз деңгейінде қорғалмаған елдер арасында сауда-саттық, мәдени, қарым-қатынастардың орнауы мүмкін емес. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылдың 11 қарашасында "Нұрлы жол - болашаққа бастар жол" атты Қазақстан халқына жолдауында Жаңа Экономикалық Саясат туралы жариялаймын деп атап кеткен болатын. Ондағы мақсат экономикалық өсім. Ал экономикалық өсім жоғарыда атап өткен мәселелермін сабақтас.

Егемендік алған тұсымызда авторлық құқық мәселесінің талқылануы бұл, әрине, заңды. Себебі құқықтық мемлекет құруда қай салада болмасын қоғам мүшелерін қорғау және бұл салада азаматтардың белсенділік көрсетуі - заман талабы.

Ұсынылатын әдебиттердің тізімі

1, 2, 3, 5, 6, 9, 12, 14, 17, 19, 21, 22, 27, 28, 39, 40, 45, 46, 47, 48, 56, 58, 59

№ 3 тақырып. Сабақтас құқықтар. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудағы ПО рөлі

Сабақтың мақсаты: Курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіңдіру. Бұл сабақта курсанттар авторлық құқық субъектілерінің ерекшеліктерінің анықтап, мазмұнын ашу қажет.

Семинарлық сабақ – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Шығармалар авторлары және олардың құқығын иеленушілер авторлық құқықтың субъектісі ретінде.

2. Құрастырушылар (жасаушылар) және аудармашылар авторлық құқықтың субъектісі ретінде. Қосавторлық.

3. Қызметтік шығармалардың авторлары. Күрделі шығармаларға авторлық құқықтың субъектілері.

Тапсырма: жазбаша жауап әзірлеу.

Әдістемелік ұсынымдар

1. Негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 50 тарауын, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы Заңының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (ұсынылған әдебиеттерді қара).

4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарлық сабақта қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі

1, 2, 3, 5, 6, 9, 12, 14, 17, 19, 21, 22, 27, 28, 39, 40, 45, 46, 47, 48, 56, 58, 59

№ 3 тақырып. Сабақтас құқықтар. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудағы ІО рөлі

КОӨЖ – 2 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

Өткізу нысаны - ауызша

Әдістемелік ұсынымдар

1. Негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 50 тарауын, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы Заңының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (ұсынылған әдебиеттерді қара).

4. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

№ 3 тақырып. Сабақтас құқықтар. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудағы ПО рөлі

КӨЖ – 2 сағат

Тапсырма

Тақырыптар бойынша рефераттар қорғау:

1. Авторлық құқық субъектілерінің түрлері.
2. Автор болу құқығы, авторлық атқа құқық, шығармаға қол сұғылмаушылық құқығы және шығарманы бұрмалаудан қорғау.
3. Авторлық құқықтың пайда болуы және авторлық құқықтар жөнінде хабарлау.
4. Қосавторлық.
5. Құрастырушылар (жасаушылар) авторлық құқықтың субъектісі ретінде.
6. Туынды шығармалардың авторлары.
7. Қызметтік шығармаларға авторлық құқықтың субъектілері.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 4 тақырып. Селекциялық жетістіктерге құқық

Сабақтың мақсаты: Курсанттарды (мен):

- а) селекциялық жетістіктер ұғымымен таныстыру;
- ә) селекциялық жетістіктердің патент қабілетілігінің шартын қарастыру;
- б) селекциялық жетістіктердің қорғалатын объектілерін, патенттерді және селекциялық жетістіктерге авторлық куәліктерді мемлекеттік тіркеудің тәртібін қарастыру;
- в) селекциялық жетістіктерге құқықты қорғаудың тәсілдерін қарастыру.

Дәріс - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Селекциялық жетістіктер құқықтың объектісі ретінде.
2. Селекциялық жетістіктердің қорғалу қабілеттілігінің өлшемдері.
3. Селекциялық жетістіктерді тіркеудің тәртібі.

Дәріс тезісі:

1999 жылда 13 шілде айында «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңы қабылданды. Бір мезгілде АҚ-ка мынандай– 53 тарауы - өсімдіктердің жана сорттарын және жануарлардың жана тұқымдарын (жыныстары) қорғау, әдебиетте және заңнамада басқаша аталатын - селекциялық жетістіктер толықтыру енгізілді

Аталған объектілердің атауының қайнар көзі болып табылатын – ол селекция деп аталатын спецификалық ғылыми қызмет. (латын сөзінде «selectio» – іріктеу (отбор), таңдау (выбор). Өсімдіктердің жаңа түрлерін жасауды және болған түрлерін жанартуды, жануарлардың тұқымдарын және микроорганизмдердің штаммдарын жасанды (искусственный) мутагенез, іріктеу, гибридизация, гендік және клеткалық инженерия арқылы селекцияциямен қамтылады. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңының 1 бабына сәйкес *«Селекциялық жетістік дегеніміз - адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын өсімдіктің патент берілген жаңа сорты, жануарлардың жаңа тұқымы».*

АҚ-ң 1007 бабы *селекциялық жетістіктердің қорғау объектісі ретінде 2 түрін* атайды - өсімдік шаруашылығындағы *өсімдіктің сорты* және мал шаруашылығындағы *жануарлардың тұқымдары*.

1961 жылда 2 желтоқсан айында қабылданған селекциялық жетістіктерді қорғау Халықаралық Конвенциясына сәйкес – объектінің патентке қабілеттілігінің талаптары – *жанашылық, тұрақтылық және айырмашылық*, сонымен қатар, сортты коммерциялық мақсатпен пайдалану барысында, отырғызылатын тұқымдық материалды сату және маркетинг ретінде таралған селекционердің айрықша құқықтарының шегі.

АҚ-ң 1021 бабына сәйкес селекциялық жетістіктерге құқықтық қорғау үшін жалпы мерзімі 25 жылмен белгіленген, ал «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңының 3 бабына сәйкес селекциялық жетістіктердің жекелеген түрлеріне патенттің әрекет етуі ұзартылынған:

- мал тұқымдарына - 30 жыл;
- жүзім, сәндік ағаш, жеміс және орман дақылдары сорттарына, оның ішінде олардың қалемшелеріне - 35 жыл.

Патенттің қолданылу мерзімін патент иесінің өтініші бойынша уәкілетті орган ұзартады, бірақ ол 10 жылдан аспауы керек.

Сонымен, өзгеше өнеркәсіптік меншік объектілерімен салыстырғанда селекциялық жетістіктерге *өзінің, ұзартылынған құқық қорғау мерзімдері* енгізілген.

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңының 4 бабына сәйкес селекциялық жетістікке патентке қабілеттілігінің талаптарын белгілейді. Патент *жаңалығы, ерекшелігі, біртектілігі және тұрақтылығы* бар селекциялық жетістікке беріледі.

АҚ 1006-1012 баптарында *селекциялық жетістіктердің субъектілері* ретінде - автор, селекциялық жетістікке патент иеленуші, және селекциялық

жетістіктерге сараптама және сынау өткізетін орган - Ауыл шаруашылық дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия.

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңының 2 бабы субъектілердің құрамынан *арыз берушіні* бөлып шығарады. *Арыз беруші* ретінде *селекциялық жетістікке патент алу үшін өтінім берген, заңды немесе жеке тұлға белгіленген.*

Селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңының 12 бабына сәйкес *автордың құқығы және өзінің селекциялық жетістігіне өз есімін беруге құқығы бар.*

Аталған Заңның 12 бабының 4 тармағына сәйкес автордың өзі жасаған, ашқан немесе өсіріп шығарған селекциялық жетістікті патенттің қолданылу мерзімі ішінде пайдаланғаны үшін патент иесінен *сыйақы алуға құқығы бар.* Сыйақы төлемінің мөлшері мен шарты патент иеленуші мен автор арасында жасасылған шартта белгіленеді.

Бұл орайда автор сыйақысының мөлшері патент иеленушінің селекциялық жетістіктерді пайдаланғаны үшін алатын жыл сайынғы түсімдері, оның ішінде лицензия сатудан алатын түсімдері сомасының *бес процентінен кем болмауға* тиіс.

Егер автордың патент иеленушімен шартында өзгеше көзделмесе, *авторға сыйақы* селекциялық жетістік пайдаланылған *әрбір жыл біткеннен кейін алты ай ішінде* төленеді.

Егер сортты, тұқымды бірнеше автор жасаса, ашса немесе өсіріп шығарса, сыйақы олардың арасындағы келісімге сәйкес бөлінеді.

Селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау жүйесінің ерекшелігі болып табылатын ол - әкімшілік және азаматтық құқықтық бастамалардың тіркесімі.

Селекциялық жетістіктерге құқықтарды дайындау процедурасы келесілерге бөлінеді: 1) уәкілетті органда және сараптама ұйымында жүзеге асырылатын әрекеттерге; 2) мемлекеттік комиссияларда өткізілетін іс әрекеттерге.

№ 4 тақырып. Селекциялық жетістіктерге құқық

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Селекциялық жетістіктерге құқықтың объектісі және оларды қорғалу қабілеттілігінің шарттары.

2. Селекциялық жетістіктерге құқықтың субъектілері.

3. Селекциялық жетістіктердің қорғалатын объектілерін, патенттерді және селекциялық жетістіктерге авторлық куәліктерді мемлекеттік тіркеу

4. Селекциялық жетістіктерді пайдалану туралы шарттар.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

Зияткерлік меншік объектілерінің ішіндегі бірегейі – селекциялық жетістіктер. Бұл объектінің өнертабыстар мен тауар таңбаларынан, өнеркәсіп үлгілерінен және т.б. объектілерден ерекшелігі бөлек заңмен реттеледі.

Селекциялық жетістіктер «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы заңымен көзделген.

Сондықтан курсанттар селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заң, осы саладағы қызметтің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді, селекциялық жетістіктерді жасауға, ашуға, шығаруға, құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын мүліктік, сондай-ақ олармен байланысты мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтінін білу қажет.

Негізі селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жүзеге асырыла бастады. Бұрынғы Кеңес заманында селекциялық жетістіктерге тек ведомстволық акт негізінде сыйақы төленіп, әрі қарай жасалған селекциялық жетістік мемлекет меншігіне өтетін. Ал қазіргі нарықтық жағдайда селекциялық жетістікке толыққанды патент беріледі, соның нәтижесінде ол адам айрықша құқыққа ие болады.

Адамның ой еңбегінің нәтижесінде жасап шығарылған өсімдік сорттары мен жануарлар тұқымдарына арнайы сараптама жасалады. Егер ашқан жаңалықта бір ерекшелік болса, белгіленген талаптарға сай болса патент беріледі.

Патент беруді зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады. Патент екі сатыда жүргізілетін сараптама нәтижесінде беріледі. Сараптаманың бірінші сатысы - алдын ала сараптама Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК-да, ал екінші сатысы, яғни мәні бойынша сараптама - агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган саналатын Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік комиссияларында жүргізіледі. Егер селекциялық жетістікті бірнеше автор жасаса, ашса немесе шығарса, егер олардың арасында келісім болса сыйақы авторларға тең үлеспен төленеді.

Кез келген патент иеленушінің құқығын бұзған пайдаланушы жауапқа тартылады.

Патент мерзімі аяқталғаннан кейін селекциялық жетістік жалпыға бірдей пайдалануға болатын жетістікке айналады.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
2, 5, 9, 11, 12, 13, 14, 17, 28, 39, 42, 43

№ 4 тақырып. Селекциялық жетістіктерге құқық

КООЖ - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

КООЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар

1. Негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Дәрістер конспектісін, нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін және келесі семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
4. Тәжірибелік тапсырмаларды жазбаша орындап, ол бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмаларды шешу.

№ 4 тақырып. Селекциялық жетістіктерге құқық

КӨЖ - 1 сағат

№ 1 Тапсырма

Қазақстан Республикасының «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі заңын конспектілеп, талқылау.

№ 2 Тапсырма

Рефераттар жазу және қорғау:

1. Селекциялық жетістікерді құқықтық қорғау.
2. Селекциялық жетістікер.
3. Селекциялық жетістікерге құқықты іске асыру және қорғау.

№ 3 Тапсырма

Курсанттар мынандай сұрақтарды зерделеулері қажет:

1. Селекциялық жетістік деген не және оның патенттік қабілеттілік талаптары қандай?
2. Селекциялық жетістікке қалай патент алуға болады?
3. Селекциялық жетістікке патент алу үшін қандай құжаттарды тапсыру қажет?
4. Селекциялық жетістіктерді патенттік қабілеттілікке сынақтан өткізу қалай жүргізіледі?
5. Сараптамалық қызметтерге төлеммен байланысты шығыстарды қалай есептеуге болады?
6. Өтінімді кім бере алады?
7. Өтінімді қандай тәсілдермен беруге болады

8. Өтінімнің ҰЗМИ-ға түскенін не растайды?
9. ҰЗМИ-де селекциялық жетістікке патент беруге өтінімді қарау рәсімі қандай?
10. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімі қандай?
11. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімін ұзарту мүмкін бе?

Өзін-өзі бақылау материалдары Өзін-өзі бақылауға арналған тесттік тапсырмалар

№ 5 тақырып. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар

Дәріс тезисі

Интегралды микротәсімдер топологияларыныңы Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша ұғымы. 2001 жылы 29.06. қабылданған «Интегралды микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңның 1 бабына сәйкес, интегралдық микротәсімдер топологиясы (бұдан әрі - топология) дегеніміз – интегралдық микросхеманың элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының материалдық көзде тіркелген кеңістік-геометриялық орналасуы.

Топологиялық интегралды микрокестелерде нақты жеке тұлғалармен немесе топтық тұлғалармен жасалынады. Осындай тұлғалар авторлар болып саналады. Топологияның авторы болып шығармашылық қызметінің нәтижесінде осы топология құрылған жеке тұлғалар болып саналады. Шығармашылық тек индивидке, адамға ғана тән зат болып саналады, ал заңды тұлғалар автор бола алмайды. Егер топология топтық тұлғалармен құрылатын болса (тәжірибеде әрдайым болатындай), әр осы топтағы тұлғалар бірлескен автор болып саналады. Осымен қатар тұлғаларды шығармашылық қызметтегі авторлар тобына жатқызу критерилері қарастырылады. Сондықтан жұмыста бір тек жәрдем көмегі жеткіліксіз болып саналады; топологиялық интегралды микрокестелерді құруды іске асыруда шығармашылық ойлар біртұтастықты табуы қажет. «Интегралды микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңның 3 бабының 3 тармақшасына сәйкес, авторлар болып жеке тұлғалар саналмайды, топологияны құру барысында сыртқы емес жеке шығармашылық салымдары болып саналмайды, ол авторға техникалық, ұйымдастырылушылық және материалды көмек көрсеткен болса ғана қарастырылатын болады.

Автор болып тану үшін тұлғаға қандай да бір әрекет жасауға талап қойылмайды, ол тек топологияны құрған сәттен бастап автор болып саналады. Топология ол тек белгілі бір элементтердің жазылған бағытын орналастыру, немесе автор деп тануға топологиялық нақты өнімді интегралды микрокестені іске асыру; тек маңыздысы ол элементтердің орналасуы кейбір жерлерде нақтылануы қажет болуы керек.

Автор топологияға құқықты оны құру күшінде иемденеді. Бірақ та қолданылған топология үлкен материалдық шығынды және кәсіпорындық базалардың болуын талап етеді. Осы себептерге байланысты автор, тәртіпке сәйкес топологияны қолдана алатын, осындай мүмкіншіліктері бар тұлғаға тапсырылады. Осыған байланысты автор мен құқыққа ие тұлғалар арасындағы айырмашылықтарды айыру болып табылады, себебі құқыққа ие болатын тұлға топологияны қолдану құқығы бар болғандықтан осылай қарастырылуда. Сонымен қатар, топологияны қолдану құқығы да мұра арқылы да берілуі мүмкін. Құқыққа ие кез келген тұлғалар бола алады – заңды және жеке тұлғалар. Құқыққа иеленуші ретінде «ИМТ құқықтық қорау туралы» Заңына сәйкес де автор, оның мұрагері болып саналады, заң және шарт негізінде алған мүліктік құқықтар иемденген кез келген заңды және жеке тұлғалар топологиялық құқыққа ие бола алатын болады. Көп жағдайларда интегралды микрокесте топологиясын қолдану құқығы жұмыс берушіге беріледі, себебі басым топологиясы қызметтік тапсырмалар негізінде қарастырылады.

Интегралды микротәсімдерге топологияны қолдану құқығын шетел тұлғаларына беруі мүмкін(заңды және жеке тұлғалар).

Осыған байланысты, патенттік құқық негізінде сияқты да, шетел заңды және жеке тұлғалар «ИМТ құқықтық қорау туралы» Заңына сәйкес қарастырылған құқықтармен қолданылады, және олар Қазақстан Республикасы заңды және жеке тұлғаларымен бір бағытта әрекет ету мүмкіндіктері болады, ол Қазақстан Республикасы халықаралық шарттар күшіне немесе негізгі қағидалар мүмкіншілігі. Бірақ та егер патенттік құқық негізінде Париждік конвенция бар, оған көптеген мемлекеттер кірген болатын, ал Қазақстан Республикасында топологиялық интегралды микрокестелер негізінде құқықтық келісімдердің еш қайсысының болмауы қарастырылған. Осыған байланысты шетел азаматтары үшін өзінің құқықтарын қорғау осы бағытта аса жоғары ақаулықтардың болуы да қарастырылуда.

Интегралды микротәсімдер топологияларына құқықтардың мазмұны. Топологиялық интегралды микротәсімдерді құру жеке мүліктік емес және мүліктік кешендердің пайда болуына әкеліп соғады. Ескерген жөн, топология құқығына қатынас, патенттік құқықта қажетті болып саналатын бастапқылық түсінігі қолданылмайды. Құқық арнайы тексеріссіз пайда болады – қажетті нақты шығармашылық қызметтердің топология авторы болып саналады. Осыған байланысты, басқа тұлғамен аналогиялық топологияны құру мүмкіндігі, оның топологияға мүліктік емес және мүліктік құқықтың пайда болуы қарастырылуда.

Топология авторына белгіленген объектінің зертеушісі болып санайтын қоғамның алдында авторлық құқыққа ие мүмкіндігі болады. Осы құқық автор үшін қажетті ююлып саналады. Бір сәтті топологиялық жобаның авторы негізінде даңққа ие болуы, тұлғаға болашықта жоғары жұмыстық орындарға қолдану мүмкіндіктері болады.

«Интегралды микротәсімдер топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңның 4 бабының 4 тармақшасына сәйкес, топологияға авторлық құқық

ажыратылмаған жеке құқық болып саналады. Осыған байланысты заңды тұлға, заказ бойынша құрылған топология, немесе құқыққа ие болған автор еш жағдайларда топология авторы болып санала алмайды, егер тіпті ол құқықтың өтуі келісім шарттарда да қарастырылатын болса да қолданылмайтын болады.

Авторлық құқық заңмен мерзімсіз уақытқа қорғалады. Осы уақытта автордың өлімінен кейін заң оның құқықтарын қарастырмайтын болады, бұл негізінде оның қорғау бағытын шамалы түде келіп көрсететіне анық болып келеді.

Кейде автор құқығыда еске түсіріледі, яғни автор негізінде өзінің атын ескереді (авторлық атқа құқықтың болуы). Бірақ нақты осы құқық заңнамада қарастырылмаған. Жоғарыда аталған Заңда көрсетілгендей, егер ол тек осы негізінде көрсетілмеген болса, автордың аты өтініште бекітілген болатын, бұндай құқықты баспасы деп айтуы мүмкін емес, себебі топологияның еш қолданысында нақты автордың аты енгізілсін деген талап қарастырылмаған, ал егер оның аты өтініште көрсетілмеген болса, онда топологияның қолдану барысында ол тұлғаларға еш кедергі болмайтынын анық болады.

Интегралды микротәсімдерді өндірушілер әрдайым оған есімін беруге құқылы (Рептиум процессоры). Бірақ та топология атына арнайы құқық жоқ, ал қолданылатын атаулар, тәртіпке сәйкес, тауарлық белгілермен қорғалады.

Автор үшін және басқа да қызыққан тұлғаларға ең негізгі мағынаны мүмліктік құқық береді, яғни топологиялық интегралды микрокестелерді қолдану құқығы болп саналады. «Интегралды микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңның 7 бабына тармақшасына сәйкес авторға немесе басқа да құқыққа ие болған тұлғаға нақты топологияны қолдану құқығына ие болады, яғни осындай топология бойынша интегралды микросхеманы дайындау мен дамыту жолымен, сонымен қоса, басқа тұлғалардың бұл топологиялық құқыққа ие бола алмауын қарастырады.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі **2, 6, 9, 10, 11, 14, 16, 17, 19, 22, 23, 25, 30, 42, 56, 59**

№ 5 тақырып. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар

Сабақтың мақсаты: Курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерін тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіңдіру. Бұл сабақта курсанттар:

а) құқықтық қорғаудың ерекше объектісі ретінде интегралды микротәсімдердің не екенін білу қажет;

ә) интегралды микротәсімдер ұғымын, оның қорғалу қабілеттілігінің өлшемдер мазмұнын ашу қажет;

б) интегралды микротәсімдер топологиясын пайдалану жөніндегі шарт жасасу тәртібін білу қажет.

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Интегралды микротәсімдер топологиясының ұғымы және белгілері. Интегралды микротәсімдер топологиясын құқықтық қорғау.
2. Интегралды микротәсімдер топологиясының субъектілері.
3. Интегралды микротәсімдер топологиясы авторларының және басқа да құқық иеленушілердің құқықтары және олардың құқықтарын қорғау.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

Интеллектуалдық меншік құқығының объектілерін ғалымдар дәстүрлі және дәстүрлі емес объектілерге бөліп қарастырады. А.П. Сергеевтің пікірі бойынша интеллектуалдық меншіктің дәстүрлі емес объектілеріне: селекциялық жетістіктер, интегралды микротәсімдер топологиясы, ашылмаған ақпараттар және өндірістік құпиялар жатады.

Интеллектуалдық меншіктің дәстүрлі емес объектілерінің бірі интегралды микротәсімдер топологиясы болып табылады, оларды құқықтық режимі Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексінің» 54- тарауында және «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы №217 заңында анықталған.

Интегралды микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы заңының 1-бабында интегралдық микросхема және интегралды микросхема топологияларына анықтама берілген.

Интегралдық микросхема дегеніміз – электрондық схема функцияларды орындауға арналған түпкілікті немесе аралық нысандағы микроэлектронды бұйым, оның элементтері мен байланыстары бұйым дайындалғанда негізге алынған материалдың көлемінде және бетінде бөлінбейтін етіп қалыптастырылады.

Интегралдық микросхема топологиясы дегеніміз – интегралдық микросхеманың элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының материалдық жеткізгіште тіркелген кеңістіктік-геометриялық орналасуы.

Интеллектуалдық меншіктің келесі дәстүрлі емес объектісі автордың шығармашылық қызметі нәтижесінде жасалып, материалдық көздерде көрсетілген интегралды микротәсімдер мен олардың арасындағы байланыстардың элементтері жиынтығының кеңістіктік-геометриялық орналасуы деп танылатын интегралды микротәсімдер топологиясы болып табылады.

Қызметкерлердің шығармашылық еңбегінің нәтижесі топология деп танылады. Микротәсімдер күрделі өнім болып табылатындықтан, өзінің құралдары есебінен бір адам жасауы мүмкін емес. Сондықтан топологиялар, қызметтік объект болып табылады.

Азаматтық кодексінің 1013-б.интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтарды қорғау талаптарын қарастырады, бұл жағдайда құқықтық қорғау интегралды микротәсімдердің түпнұсқа топологиясына ғана қолданылады.

Автордың шығармашылық қызметі нәтижесінде жасалып, материалдық көздерде көрсетілген интегралды микротәсімдер мен олардың арасындағы байланыстардың элементтері жиынтығының кеңістіктік-геометриялық орналасуы интегралды микротәсімнің түпнұсқалық топологиясы деп танылады.

Интегралды микротәсімдерді бұйымдардың үлкен спектрінде қолданады, күнделікті пайдаланатын заттарды, сондай-ақ мәліметтерді өңдеуге арналған күрделі жабдықтарды қоса. Қолданыстағы интегралды микротәсімдердің көлемін азайтуға және бір уақытта орындалатын функцияларын күшейтуге жағдай жасайтын жаңа жасауға тұрақты қажеттілік болады. Интегралды микротәсімдерді кіші болса, оны дайындауға арналған материал аз талап етіледі және оны орналастыруға арналған кеңістіктік көлем аз болады.

Оны құқықтық қорғаудың бірден бір жағдайы оның түпнұсқалығы болып табылады. Бұл ресейлік заңнама ережелерінен елеулі ерекшеленеді. Қорғау қабілеттілігінің екі жағдайы қарастырылған:

- 1) топологияның шығармашылық сипаты;
- 2) топологияның түпнұсқалығы.

Оның жасалған күніне интегралды микротәсімдердің жалпыға белгілі әзірлеушілері мен дайындаушылары болып табылатын элементтерден тұратын топологияларға, егер тұтасымен осындай элементтердің жиынтығы Топологиялар туралы заңның 5-б. 2-тармағын қанағаттандырған жағдайда ғана құқықтық қорғау беріледі. Топологиялар туралы заңмен берілген құқықтық қорғау, топологияларға тартылған идеяларға, тәсілдерге, жүйелерге, технологияға немесе кодталған ақпаратқа таралмайды.

Топологияларға құқық субъектілері, заң немесе шарт күшінде алған айрықша құқыққа ие болған автор, оның мұрагері, сондай-ақ кез келген жеке немесе заңды тұлға болып табылады.

Топологияға қатысты, топологияға айрықша құқық шарт бойынша басқа тұлғаға толығымен немесе ішінара берілуі, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібінде және заңды тұлға – құқық иесін қайта құру нәтижесінде өтеді.

Тіркелген топологияға айрықша құқықты беру жөніндегі шарт, тіркелген топологияны пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Тіркелу жүзеге асырылмаған топологияға айрықша құқықты беру жөніндегі шарт, көрсетілген топологияны пайдалануға айрықша құқық лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар тараптардың келісімі бойынша уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Бұл жағдайда топологияның авторы немесе өзге де құқық иесі уәкілетті мемлекеттік органға өтінім беру жолымен топологияны тіркеуге құқылы,

яғни бұл, автордың бұны өзінің өзіндік қарауы бойынша шешкендігін білдіреді.

Интегралды микротәсімдер топологиясын тіркеуге тапсырысты құрастыру немесе ресімдеу, тіркету және оған куәлік беру бойынша Ереже жекелеген назар аудартады (2010 жылдың 23 сәуіріндегі № 136 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. бұйрығына 9 қосымша). Ереженің 16-тармағы мазмұндағандай, тіркеуге тапсырыс түскен күнге дейін коммерциялық мақсатта пайдаланбаған топологияны сәйкестендіру мақсатында, топологияны сәйкестендіретін материалдар мазмұндауы тиіс:

1) топологияның әр қабатын бейнелейтін, көзбен көрінетін материалдардың бірінен толық жиынтық;

2) жинақтық топологиялық сызба немесе қабат бойынша топологиялық сызбалар;

3) интегралды микротәсімде бекітілген, топологияның әр қабатының фотографиясы;

4) ресми бюллетенде ілеспе жариялауға арналған мәліметтерді мазмұндайтын реферат, мұнда көрсетілуі тиіс:

- арызда немесе оған толықтыруда көрсетілген әр автордың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол болса);

- әр арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы;

- топологияның атауы;

- интегралды микротәсімді дайындауға қолданған технологияның түрі;

- интегралды микротәсімді қолдану саласын, тағайынын немесе функцияларын қосатын аңдатпа.

Біздің пікірімізше, топологияларды құқықтық реттеуге қатысты басқа мәселе, құқықтық қорғау мерзімі болып табылады. Топологиялар туралы Заңның 13-бабына сәйкес, топологияларды тіркеген күннен бастап, он жыл бойы қолданылады. Егер топологияларды тіркеу жүргізілмесе, онда көрсетілген онжылдық мерзім осы топологияны немесе осы топологиямен интегралды микротәсімді әлемнің кез келген елінде құжаттық расталған алғаш пайдаланған күннен есептеледі. Бұл құқықтық қорғау мерзімін ақталған деп санауға болмайды, бұл индустрия өте жылдам дамуда, топологиялар жылдам ескіреді, сондықтан бұл мерзім қайта қаралуы тиіс. Түпнұсқалығын жоғалтқан топология құқықтық қорғаудан айырылады. Бұл топологияларды авторлық құқық объектілерінен ерекшелейтін елеулі белгілердің бірі болып табылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселенің баламасы ашылмаған ақпарат режимінде топологиялар туралы ақпаратты сақтау болып табылады.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

2, 6, 9, 10, 11, 14, 16, 17, 19, 22, 23, 25, 30, 42, 56, 59

№ 5 тақырып. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар

КОӨЖ - 1 сағат

№ 1 Тапсырма

«Интегралды микротәсімдер топологиясы авторларының және басқа да құқық иеленушілердің құқықтарын қорғаудың тәсілдері мен шаралары» тақырыбында эссе дайындау.

Өткізудің нысаны: ауызша, аралас.

Әдістемелік ұсынымдар

1. Негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Дәрістер конспектісін, нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін және келесі семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
4. Тәжірибелік тапсырмаларды жазбаша орындап, ол бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмаларды шешу.

№ 5 тақырып. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар

КӨЖ - 1 сағат

№ 1 Тапсырма

Қазақстан Республикасының «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 ж. 29 маусымдағы Заңын конспектілеп, талқылау.

№ 2 Тапсырма

Рефераттар жазу мен қорғау:

1. Интегралдық микросхемалар топологиялары авторлары мен басқа да құқық иеленушілердің құқықтары.
2. Интегралдық микросхемалар топологиялары авторлары мен басқа да құқық иеленушілердің құқықтарын қорғау.
3. Интегралды микротәсімдер топологиясын құқықтық қорғау.
4. Интегралды микротәсімдер топологиясының ұғымы мен белгілері.
5. Интегралды микротәсімдер топологиясының субъектілері.
6. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықты тіркеу және құқықтар туралы хабарлау.

№ 3 Тапсырма

Тақырып бойынша тест тапсырмаларын шешу.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 6 тақырып. Өндіріс құпиясына құқық

Дәріс тезисі

Іскерлік және коммерциялық құпияның түсінігі. Қызметтік процесс барысында қабылдаған білімді тиімді қорғауға көбіне патенттер береді. Бірақта қабылданған білім көп түрде өтініш түрінде ғана негізделуі мүмкін емес, оның себептері әр түрлі болуы мүмкін: объектінің толық анықтап алмауы, толық зерттелмеуі, және де барлық қабылданған шешімдерді патенттеуге уақытын мен ақшанды құртуға болмайтындығы қарастырылады. Бұл жағдайда жүйелік конфиденциялық мақсаттық бағытта қолданылады, оның шегіне қызметтік пен коммерциялық құпияларда кіреді. Бұл институт шетелдерде де көп шоғырланған, бірақ оған байланысты негіздерде әр түрлі терминдер қолданылуда («қызметтік құпия», «өндірістік құпия», «сауда құпиясы», «ноу-хау»), ал олардың толуы да көп емес жағдайларда біртұтастық юлып танылмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы ақпаттар коммерциялық құпия негізінде жарияланбауы керек екендігін анықтап көрсетеді. Көбіне оған, құпиялық құжаттар, төлеу мүмкіндіктерін нақтылайтын құжаттар, түркелгендігі туралы мәліметтер, жұмыскерлердің құрамы, олардың жалақылары мен еңбек ету талаптары туралы мәліметтер, сонымен қатар бос жұмыс орындардың санаулы түрдегі мәліметтері, салықтар мен міндетті төлемдерді төленгені туралы құжаттар, қоршаған ортаның ластануы туралы мәліметтер, антимонопольдық заңнаманың бұзылуы, жұмыс істеу ережелерін сақтамау, тауарды өндіру, қоршаған ортаға келтіретін зиян, және де тағы басқа заңнамалардың бұзылуы мен оның келтірілген зиянның орнын толтыру туралы және т.б. Мемлекеттік және жергілікті өндірістерге бұл жазба шешілген болады: себебі өндірістердің мүлкінің мөлшері мен ақшалық қаражаттары; басқа өндірістерге кірістік активтерді, займдар мен облигациялық пайыздар, өндірістің жарғылық қорларын енгізу; кооперативтермен, басқа да мемлекеттік емес мекемелермен, және бөлек азаматтармен шарттар жасау коммерциялық құпияға кірмейді.

Барлық қарастырылған ақпаттар билік органдарының, басқару, бақылаушы және құқық қорғау органдарының, және басқа Қазақстан Республикасының заңнамаларымен құқығы бар заңды тұлғалардың және мекемелердегі жұмыстық ұйымның талаптары негізінде ғана қолдануы қажет. Осы бағыт ақпатар қабылдаушы мен қоғамның қызығушылық белгілерімен қарастырылуы мүмкін.

Экономикалық белсенді субъектінің өмірінде ноу-хау жеткілікті жоғары дәрежеде тұрады. Ноу-хау, сонымен қатар, объектінің зерттеуден қорғауға бір қалыпты өтуін қамтамасыз етеді. Белгіленген құқықтың патенттік құқыққа жақындығы белгілі. Патенттік құқық сияқты, объект жағынан қорғау маңыздылығына бағытталған қарастырылып отырған оның формасы емес құқық тобы болып танылады, және көп жағдайларда ноу-хау түрінде анықталған белгілібір шешімдер қарастырылады. Осыған байланысты оның

белгілері көрінуде: егер патентке құқық қатал территориялық әрекетті талап етсе, онда қызметтік және коммерциялық құпиялар осындай шектеулер болмайды; патенттік құқық уақытқа шектелген, қызметтік және коммерциялық құпияларға құқық әрекет етеді, егер қызметтік және коммерциялық құпияларды қорғау әрекет қабілетті талаптары орындалып жатқан болса; патенттік құқық тіркелген болуы қажет, ал қарастырылып отырған құқық фактылы жолмен жүзеге асырылады.

Қызметтік және коммерциялық құпияларды басқа ақпараттар түрлерімен қатынасты, яғни нақты анықталған “құпияларға” шектеулі түрде өткізу өте маңызды іс болып саналуда. Бұл жерде көп жағдайда жалпы болып “құпия” саналады, бұл қатынастарда шектелген талаптарға қойылған кейбір ақпараттар болып саналады. Бұл жерде көп жағдайларда айырмашалықтары көп саналуда. Бұндай бекітілген “құпияларға” тағыда ақпараттық қатынастарда Жариялы элементтерде маңызды рөл атқаруда. Қызметтік және коммерциялық құпиялардан айырмашылығы, мұнда ережеге сәйкес белгілі бір мүліктік құқықты қорғауға байланысты емес, ол әр түрлі бағыттағы жариялы ынтасы мен жеке құқығын қорғау болып саналады. Мемлекеттік құпияларды бекіту барысында жариялы қызығушылық көрінеді; бірақ бұдан басқа медициналық құпияларды қорғау мүмкіндігін тұлғаның жеке өмірі мен жеке құпияға қол сұқпаушылықпен қамтамасыз етуі қарастырылуда (ҚР Конституциясының 23 б).

Қызметтік және коммерциялық құпияларға құқық субъектілері. Құқықты қарастырып отырған субъектілерге заңнама тікелей талаптарды бекітпейді. Сонымен қатар анализдан құқық маңыздылығынан қызметтік және коммерциялық қызметпен айналысатын субъектілер жауап берулері қажет кейбір талаптарды енгізіп алуға болады.

Құқық деген атауының өзінен, қызметтік және коммерциялық әрекет процессері туындаған кезден бастап, оны біз ақпараттарға қарастырылатының көре аламыз. Және қызметтік және коммерциялық құпияларды ие болушы тек экономикалық белсенді субъект, яғни заңды тұлға мен жеке өндірушілер болып танылады.

Әрине көп жағдайларда қызметтік және коммерциялық құпиялар коммерциялық ұйымдардың қызметтеріннен пайда болады. Бірақ қызметтік және коммерциялық құпиялардың иесі болып коммерциялық емес ұйымның заңды тұлғасы болуы да мүмкін. Өзінің қызметтік процессінде басқа тұлғаларға қызығушылық алып келетін білімді ала алады, олар осы тұлғаларға қажетті ақпараттарды бере алады, сонымен қатар коммерциялық қызмет коммерциялық емес ұйымдарға тыйым салынбайды.

Жеке өндіруші болып танылмайтын жеке тұлға, қызметтік немесе коммерциялық құпиямен иемдене алмайды. Сонымен қатар жеке тұлғалардың қызметтік және коммерциялық құпияларды қолдану құқығын алатын кедергілер көрінбейді. Ал нақты басқа тұлғамен табылған және қызметтік немесе коммерциялық құпия негізінде қорғалатын техникалық шешімдер, кәсіпорындардың қызметінен бөлек қолданылуы да мүмкін. Егер қандай да жеке тұлға осы техникалық шешімді қолдану мүмкіндігіне жүгіну үшін

лицензиялық шарт жасасуды қаласа, (Мысалы, өз үйінде ремонт жүргізетін болса) онда осындай шарт жасасуға еш кедергі жасау себептері болмауы керек.

Әрекет ететін заң шығарушылар шетел азаматтарына немесе шетел заңды тұлғалары үшін қызметтік және коммерциялық құпияларға құқықты болуға қандай да бір арнайы шектеулер қоймаған болатын. Олар ресейдің заңды және жеке тұлғалары сияқты әрекет етуші құқықтарға да ие болады.

Қызметтік және коммерциялық құпияларға құқықтық мазмұны. Жоғарыдағы бөлімде қарастырғанымыздай ақпараттық қатынастармен, қызметтік немесе коммерциялық құпияларға құқыққа ие болу тек шартты түрде ғана белгілі бір ақпараттарға құқылы болуы мүмкін. Негізінде бұл қандай да бір ақпаратқа монополиялық құқық емес, ол осы ақпаратпен иеленген субъектінің қызығушылықтарын қорғау бейімділігі бар ерекше ақпарат болып саналады. Ал ақпараттың өзі ерікті болып қалады. Егер қандай да бір тұлға аналогиялық шешім табатын, яғни белгілі бір ноу-хауды қамтитын болса, онда бұл тұлға белгіленген ақпаратпен ерікті түрде қолдана алатын болады. Тіпті егер тұлға бұл ақпаратпен, яғни қызметтік немесе коммерциялық құпиямен ықылассыз иемденіп алатын болса да, және бұл ақпаратты басқа тұлғаларға айтып беретін болса, онда алдыңғы осы құпияны иемденген тұлға оның әрі қарай дамуын тоқтатуға еш мүмкіндігі болмайды, себебі шартта белгіленген уақыттың өтуіне байланысты қызметтік немесе коммерциялық құпияны жоғалтып алуына әкеп соқтырса, бұл ақпарат құпиялы түрде жүзеге асырылмайтын болып саналатын болады.

Сонымен қатар, әрекет етуші қарастырылып отырған құқық конфеденциалды режимді қатаң сақтаудан тәуелді болады. Белгіленген құқықтың әрекет ету уақыты нақты белгіленбеген, бірақ оның әрекет ету уақыты тек ақпараттың құпияда болғанға дейін жүзеге асатын болады.

Осы қызметтік немесе коммерциялық құпияларға құқықтың негізін қолайлы құқықтық құралдар тандауда ескерген жөн болады. Осыған байланысты, табылған мақсаттық техникалық шешімдерді патенттемеу, тек қызметтік немесе коммерциялық құпия негізінде ғана қорғаса, онда міндетті түрде оның басқа тұлғалармен белгіленіп қалмау мүмкіндігінен аулақ болуы қажет болады.

Шынында құқықтың өзі керекті ақпараттарды иеленуге мүмкіндік беретін болады. Сонымен қатар, шек тек ықылассыз осы ақпаратпен иемденіп алған тұлғаларға қолданылмайтын болатын. Тәжірибелі түрде басқа тұлғалармен ақпараттарды иемдену мүмкіндігіне шек қойылуы да мүмкін, (заңды жолмен ақпараттармен иемденген болса) олар ықылассыз ақпараттармен иемденген тұлғалар болп саналады, және ҚР заңнамасының 10 б көрсетілгендей “Тауар айналымының ауқымындағына монополиялық әрекеттер бәсекелестік және шектеулік туралы қарастырылған” ғылыми техникалық, кәсіпорындық және сауда саттық, сонымен қатар коммерциялық құпияларды оның иесінің рұқсатынсыз ақпараттарымен қолдану, оны қабылдау, жариялау ықылассыз иемденіп алу болып саналады. Бірақ бұл жағдайда бәсекелестіктің бар болуы туралы қарастырылуы қажет. Сірә, бұл бағытта қызметтік немесе

коммерциялық құпияларға құқыққа ие тұлғалардың, монополиялар негізделген нақты бір ақпараттарға және оның ерікті немесе ерікті емес монополияның бұзылуы құқықтың өзі жойылып кету қаупі туындайды.

Рұқсат ететін талаптарды анықтау мүмкіндіктері белгіленген құқықтың барлық мазмұнын тамамдауға әкеп соқпайды. Жағымсыз элементтерден басқа құқық жағымды элементтерді де қосады, ал қызметтік немесе коммерциялық құпиялардың иесі өзінің қалауы бойынша қолдана алады.

Техникалық және ұйымдастырылған шараларды белгілеп кетуге болады, құқықтық статусты анықтау барысында ақпараттарды қолдану, еңбектік шарттар мен басқа да азаматтық құқықтық мінезге ие шарттарда конфиденциал туралы талаптарды жүргізу болып табылады. Айтарлықтай маңызды болып тұлғалармен қолданылатын ақпараттар талаптарын, оның иесінен алған болып тынылады. Бұл мақсаттарда шартта қарастырылған құқықтарды, яғни ақпараттарды қолдануда оның әрі қарай қолдану мүмкіндігінің жойылуы қарастырылады.

Қызметтік немесе коммерциялық құпиялардан тұратын ақпараттарды қарастырылмаған жағдайда қолданатын болса, өзінің қызметтік немесе коммерциялық құпиясына құқыққа ие тұлға шарт арқылы алған ақпараттарды алған тұлғаға тек талап ету арқылы немесе зиянның орнын толыруды талап ету арқылы жүзеге асырады. Осы уақыттан бастап ақпаратты қолдануға болмайтындығы туралы талап қойылатын болады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 5, 6, 9, 10, 11, 14, 16, 17, 20, 35, 36, 40, 59

№ 6 тақырып. Өндіріс құпиясына құқық

Семинарлық сабақ – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Өндіріс құпиясына (ноу-хау) құқықтың ұғымы және оны құқықтық қорғаудың талаптары.
2. Өндіріс құпиясына құқықтың субъектілері.
3. Өндіріс құпиясына құқықты басқару (билік ету, пайдалану, иеліктен шығару).
4. Өндіріс құпияларына құқықты қорғау.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

Бұл тақырыпты игергенде курсанттар интеллектуалдық меншік құқығының объектісі ретінде өндіріс құпиясының (ноу-хау) отандық заңнама үшін салыстырмалы түрде жаңа екенін білу қажат. Оның алдында бұл ұғыммен коммерциялық құпия ұғымы қарастырылып жүрді.

Өндіріс құпиясының мынандай белгілері бар екенін білген жөн:

1) оның үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты және ықтимал коммерциялық құнды болуы. Осыған байланысты ол ақпараттың барлық адамзатқа белгісіз болуы тиіс. Егер біреу сол ақпарат белгілі болатын болса, онда ол ноу-хауға құқықты жоймайды. Ең бастысы, бұл ақпарат белгілі бір бағалы болатын жалпы топқа немесе белгілі бір топ тұлғаларына белгілі болмаса болды. Басқа бір маңыздылығы, ол әрине коммерциялық құпия.

2) ақпаратқа заң негізінде ерікті қолдануға құқығы жоқ. Бұл бөлімді де шектеулі түрде де қарастыруымыз қажет сияқты. Белгілі бір талаптар негізінде мемлекеттік оғандар нақты қажетті ақпараттарға қол жеткізу құқықтары болады, және ол ақпараттар шарт негізінде берілуі мүмкін және т.б. Ал жоғарыда көрсетіліп кеткен ақпаратты қолдану жалпы қол жеткізілетін ақпараттар болып танылады.

3) ақпаратқа қатысты құқық иелушімен коммерциялық режим енгізіледі. Ақпаратты білетін тұлға оның жасыруына толық қорғау шарасын қолдануы қажет. Ол нақты қандайда бір үлкен шара қолдану емес. Жеткілікті тек, тұлғаның ақпаратты қол жетпейкізбейтін бағытты ұстауы, ал ақпарат ашылатын болса, онда оның әрі қарай тарап кетпеуіне үлкен шаралар қолданулары қажет болып келеді.

Көрсетілген белгілер бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Егер ақпарат жалпы қол жеткізілетін болса, онда оған заңдық бағытта болады, ал ақпарат ұстаушыға оны құпияда ұстау шараларын әрі қарай қолданбауға да болатын болады.

Объектіге белгілі бір қосымша талаптарды заң бекітпейді: ол тек белгіленген белгілерге жауап беретін кез келген ақпараттар болуы мүмкін. Мысалы, ақпараттың техникалық шешімде болуын талап етпейді (ол ұйымдастырылған шешім болуы иүикін, анықталған қаржылық бағыттар және т.б).

Қорғау мүмкіндіктерін жеңілдету үшін, іскерлі және коммерциялық құпияны сақтаушы тұлғаға ең алдымен қай ақпаратты осы құпия түрі деп қарастыратының анықтап алуы қажет.

Негізгі бекітілген белгілер іскерлік және коммерциялық құпиялардың тізімін шектейді. Әр түрлі негіздегі нормативтік актілермен шектелуі құқық қарастыратын объектілер тізімі кейбір тұрақсыздыққа алып келеді, ол қандайда бір мезетте толықтырылуы және азайтылуы мүмкін. Бұл жағдайда тәуекел туындайды, яғни белгілі бір мезетте ақпаратқа сәйкес хабарда болуы мүмкін, яғни коммерциялық құпия қатарына жатпай қалуы күмән тудырады.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің жиынтығы қызметтік және коммерциялық құпиялардың қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Маңыздысы, ол жоғарыда көрсетілген қатынастар арқылы ақпараттарды жинау мен өндеу барлығына қол жеткілікті болуы, және сол бағытта қызметтік және коммерциялық құпиялардың қатынастары негізінде ақпараттарға шектелген қол жетерлік туралы тікелей қарастырылуда. Басқа жағынан, қарастырылып

отырған қатынаста ақпараттың өзі құндылық белгіде болуы қажет, яғни белгілі бір анықталған қолдану түріне қабілетті болуы.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі
1, 5, 6, 9, 10, 11, 14, 16, 17, 20, 35, 36, 40, 59

№ 6 тақырып. Өндіріс құпиясына құқық

КООЖ – 1 сағат

Тапсырмаларды шешу

КООЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар

Тапсырманың мәтінін – ұсынылған фабуласын мұқият оқыңыз.

Даулы жағдайды Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне, қолданыстағы заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шешіңіз.

Жауапты жазбаша түрде дайындаңыз.

Тараптардың және дауласушы субъектілердің өз ұстанымдарын теориялық тұрғыда негіздеңіздер.

№ 6 тақырып. Өндіріс құпиясына құқық

КӨЖ - 1 сағат

№ 1 Тапсырма

Рефераттар жазу мен қорғау

1. Ақпаратты азаматтық-құқықтық қорғау.
2. Қызметтік және коммерциялық құпияны құқықтық қорғау.
3. Ноу-хау интеллектуалдық меншіктің объектісі ретінде.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 7 тақырып. Патенттік құқықтарды ресімдеу.

Патент өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретінде

Сабактың мақсаты:

- а) курсанттарды патенттік құқықтарды ресімдеу тәртібімен таныстыру;
- ә) өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретінде патенттің ұғымын түсіндіру;
- б) патентті берудің тәртібін қарастыру;

б) тақырып бойынша негізгі бағыт-бағдар беріп, теориялық материалды бекіту;

в) курсанттардың құқықтық дүниетанымын кеңейту және құқықтық мәдениетті тәрбиелеу.

Дәріс - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні патенттік-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде.

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіге құқықтың субъектілері.

3. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіге құқықты ресімдеу. Қорғауға арналған құжаттардың қолданылу мерзімі.

4. Өнертабыс, пайдалы модель және өнеркәсіптік үлгіге құқықтардың мазмұны.

Дәріс тезисі

Ғылыми-техникалық прогрестің қарқындылығы мен дамуы ашылулар мен іргелі өнертабыстарға негізделеді. Принциптік жаңашылдығы мен пайдалылығы бар ірі техникалық шешімдер өндірісті түбірімен өзгертеді. Оларды кеңінен қолдану техника аумағындағы басты позицияларға шығуға мүмкіндік береді. Барлық жаңа, бастапқы, прогрессивті заттар міндетті түрде өнертабыстармен тығыз байланысты.

Өнертабыстар өнертабыстық құқықтың объектілері болып табылады, себебі бұл техника облысындағы шығармашылық қызмет нәтижелері құқықпен қорғалады. Сонымен өнертабыс деп халық шаруашылығының, әлеуметтік-мәдени құрылыс немесе мемлекетті қорғау аумағындағы оң әсер беретін жаңа және заттық айырмашылықтары бар техникалық шешімдер мен міндеттер танылады.

Патент дегеніміз ұсынылған басымдылық өнертабысты, өнертабысқа авторлықты және патент иеленушінің өнертабысқа ерекше құқығын өнертабыс екендігін куәландыратын құжат.

Патенттік құжаттамада өнеркәсіптік меншік объектілері туралы ақпарат және өнеркәсіптік меншік объектілеріне патенттік құқық иелері туралы мәліметтер жарияланады.

Патенттік құжаттама - өнертабыстар, ашылулар, өнеркәсіптік үлгілер, пайдалы моделдер ретінде өтінім берілген немесе расталған, ғылыми-зерттеу, жобалық-конструкторлық және жеке әзірleme нәтижелері туралы ақпаратты, сонымен қатар өнертабыс авторлары, патент иеленуші, диплом иелерінің және өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы моделдерді тіркеу туралы куәліктердің құқығын қорғау туралы ақпараттарды қамтитын басылып шығарылатын және басылып шығарылмайтын құжаттардың жиынтығы.

Сондықтан, патенттік құжаттама ретінде ең алдымен патенттік ведомстволардың ресми басылымдары танылады – авторлық куәлік пен

патенттерге өнертабыстарға сипаттама, ашылуларға сипаттама, ресми патенттік бюллетендер, ашылулар мен өнертабыстарға өтінімдерге алдын-ала сипаттамалар жатады.

Өнертабыс сипаттамасын алу түріндегі берілген авторлық куәлік пен патенттер туралы ақпараттар патенттік бюллетендерде хабарланады және тіркелген өнертабыс туралы алғашқы хабарлама болып табылады.

80 жылдарда әлемдік патенттік қорда 17 млн жуық өнертабыс сипаттамалары, өнеркәсіптік үлгілерге 5,5 млн патенттер мен куәліктер, пайдалы моделдерге 1,5 млн көп куәліктер есепке алынды. Жыл сайын патенттік ведомствоға авторлық куәліктер мен патенттер алу үшін әлемнің 100 мемлекетінен 750 мың өтінім түседі және 150-160 мың өнертабыстарға 450 мыңнан аса қорғау құжаттары беріледі.

Патенттік құжаттама патенттік қорда сақталады, ақпараттық қызметтің анықтамалық-ақпараттық қорының құрамдас бөлігі болып табылады.

Патенттік қор – анықтамалық-іздеу аппараты бар патенттік құжаттамалардың жүйеленген жиынтығы.

Өнертабыстың сипаттамасы патенттік құжаттаманың негізгі түрі болып табылады, олар парақтар немесе брошюралар түрінде шығарылады. әрбір сипаттама тек бір ғана өнертабысқа қатысты және оны түсіну мен жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді қамтиды.

Әртүрлі мемлекеттердің патенттік ведомстволары өздерінің патенттік кітапханасын толықтыра отырып, өнертабыс сипаттамаларымен өзара алмасады.

Басқа ғылыми-техникалық көздерімен салыстырғанда патенттік құжаттаманың бірқатар ерекшеліктері бар.

Патенттік құжаттама соңғы 150-200 жыл аралығында адамзатпен шығарылған ғылыми-техникалық шешімдер туралы ақпараттың ең толық және жүйеленген жиынтығы болып табылады.

Техникалық сипаттағы мәліметтермен қатар, патенттік құжаттама патен иеленушінің құқықтары, шетелдік патенттеу бағыттары мен көлемі, құқықтардың әрекет ету мерзімі және тағы басқалар туралы маңызды құқықтық және экономикалық ақпаратты қамтиды. Негізгі өнертабыс сипаттамасы прототиптерді критикалық бағалау мен толық сипаттаумен бірге нақты техникалық шешімдер туралы деректерді қамтиды. Патенттік құжаттама жарнамалық немесе тексерілмеген деректерден тұрмайды, өйткені жаңашылдығының ақиқаттылығы көптеген жағдайларда патенттік сараптамамен тексеріледі.

Өнертабыс біруақытта әртүрлі мемлекеттерде патенттелуімен байланысты, бір өнертабыс бойынша бірнеше сипаттамалар басылып шығарылуы мүмкін.

Әртүрлі мемлекеттерде бір өнертабысқа берілген патенттер *аналогты патенттер* деп аталады.

Патенттік құжаттаманың маңызды ерекшелігі мазмұнын бірыңғай баяндау болып табылады. Оған өнертабыстар мен патенттік бюллетендердің

библиографиялық сипаттамалары мен басқа элементтерінің сипаттамаларын стандарттау және унификациялау жұмыстары әсер етті. Негізінен өнертабыс сипаттамаларында арнайы стандартты тілдік конструкциялар мен жалпы ғылыми терминология қолданылады.

Патенттік құжаттамада өнеркәсіптік меншік объектілері туралы ақпарат, өнеркәсіптік меншік объектілеріне патенттік құқығы иелері туралы мәліметтер жарияланады.

Патенттік құжаттама қатаң анықталған құрылымды болады. Өнертабыс пен пайдалы модель формуласында қысқаша олардың мәні сипатталады. Өнертабыс анықтамасы өнертабыс, пайдалы модельді жасауға себеп болған жағдайларды көрсету, бар және жаңа техника объектілері арасында өзгешіліктерді табу және техниканың жаңа объектісінің жаңашылдығын дәлелдеу үшін қажет болып табылады.

Патенттік құжаттамалардағы негізгі материал мен библиографиялық деректердің орналасуы қатаң анықталған. Жиі жағдайларда түсіндіруші суреттер беріледі.

Патенттік құжаттамада ақпараттың екі түрі болады: библиографиялық және техникалық. Библиографиялық ақпарат патенттік құжаттаманың бірінші бетінде келтіріледі және төмендегілерден құралады:

- баспадан шыққан күннің белгісі, басып шығарушы ведомствоның аталуы, мекен жайы, сонымен қатар патентке кіргізілген тұлғалардың, мысалы, өнертабыс авторларының, патенттік құқық иесі, оның өкілі немесе патенттік агенттің мекен жайлары, фамилиялары;

- халықаралық жіктегіш бойынша классификациялық белгіленулер;

- өнертабыс атауы, өнертабыс анықтамасының рефераты, негізгі сызба немесе химиялық формула.

Сипаттаманы басып шығарғанға дейін өнертабыс туралы мәліметтер мемлекеттік патенттік ведомстволардың периодты ресми басылымдарында басылады. Ресейде бұл мәліметтер «Ашылулар, өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, тауарлық белгілер» бюллетендерінде басылып шығарылады. Онда авторлық куәлік немесе патенттер берілген өнертабыстар туралы мәліметтер басылады. Бюллетенде әрбір өнертабыс бойынша өнертабыс авторы (тегі және аты-жөні), өтініш беруші атауы, авторлық куәлік немесе патент нөмірі, өтінім беру күні мен нөмірі, өнертабысты халықаралық жіктеу индекстері, сонымен қатар өнертабыс формуласы, әртүрлі сызбалар мен сұлбалар туралы мәліметтер келтірілген.

Қазақстан Республикасының патенттік ведомствосы (санаткерлік меншік құқығы жөніндегі Комитет) екі бөлімнен құралатын «Өнеркәсіптік меншік» ресми бюллетенің шығарады. Бірінші бөлімінде өнертабысқа инновациялық патент, патент және пайдалы модельдерге патент берілуі, ал екінші бөлімінде тауар таңбаларын тіркелуі, тауардың шыққан жерінің аталуы, өнеркәсіптік үлгіге алдын ала патент пен патент берілуі туралы мәлімет жарияланады.

Қорғау құжатын алуға өтінімді сараптама жасау ұйымына қорғау құжатын иелену құқығы бар адам береді.

Қорғау құжатын беру туралы өтінім мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі. Өтінімнің өзге құжаттары мемлекеттік, орыс немесе басқа тілде беріледі. Егер өтінімнің басқа құжаттары өзге тілде берілсе, өтінімге олардың мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса тапсырылады. Аударманы өтінім беруші сараптама жасау ұйымына басқа тілдегі құжаттары бар өтінім түскеннен кейін екі ай ішінде тапсыруға міндетті. Тиісті төлемдер енгізілген ясағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

Белгіленген мерзімде аударма табыс етілмеген жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Өтінім беруші өтінген немесе рұқсат берген не қылмыстық қудалау органдарының немесе соттың талабы болған жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган және сараптама жасау ұйымы қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланғанға дейін үшінші тұлғалардың өтінімге қол жеткізуіне рұқсат бермеуге тиіс.

Өнертабысқа қорғау құжатын беруге өтінім

Өнертабысқа қорғау құжатын беруге өтінім бір өнертабысқа немесе өзара байланыстылығы өнертапқыштық бір ойды құрайтын өнертабыс тобына беріледі (өнертабыс бірлігінің талабы).

Өнертабысқа өтінімде мынадай құжаттар:

1) өнертабыс авторлары және атына қорғау құжаты сұралып отырған адамдар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген қорғау құжатын беру туралы өтінім;

2) білімнің тиісті саласындағы маманның өнертабысты жүзеге асыруы үшін толық, жеткілікті ашылған сипаттамасы;

3) өнертабыстың объектісін айқындайтын және оның мәнін білдіретін өнертабыстың формуласы. Формула анық, нақты болуға және сипаттамаға негізделуге тиіс;

4) егер өнертабыстың мәнін түсіну үшін қажет болса, сызбалар және өзге де материалдар;

5) реферат;

6) сенімді өкілдер арқылы іс жүргізілген жағдайда – сенімхат.

Өнертабысқа өтінімге өтінім беруге, сонымен бірге ресми сараптама жүргізуге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат және оның мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжат қоса тіркеледі, оларды өтінімге қоса немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсыруға болады. Тиісті төлем жасалған жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Өнертабысқа өтінім берілген күн сараптама жасау ұйымына осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген өтінім құжаттары түскен күн бойынша белгіленеді, ал егер көрсетілген құжаттар бір

мезгілде тапсырылмаса, онда тапсырылған құжаттардың соңғысы түскен күні бойынша белгіленеді.

Өнертабысқа өтінімді жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды сараптама жасау ұйымы белгілейді.

Пайдалы модельге патент беруге өтінім

Пайдалы модельге патент беруге өтінім бір пайдалы модельге немесе байланыстылығы бір өнертапқыштық ойды құрайтын пайдалы модельдер тобына (пайдалы модельдер бірлігінің талабы) қатысты болуға тиіс.

Пайдалы модельге өтінімде:

1) пайдалы модель авторлары және атына патент сұралып отырған адамдар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген патент беру туралы өтініш;

2) пайдалы модельді оның жүзеге асырылуы үшін жеткілікті, толық ашатын сипаттамасы;

3) оның мәнін білдіретін, сипаттамаға толық негізделген пайдалы модельдің формуласы;

4) сызбалар;

5) реферат;

6) сенімді өкілдер арқылы іс жүргізген жағдайда - сенімхат болуға тиіс.

Пайдалы модельге өтінімге өтінім беруге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат пен оның мөлшерін азайтуға негіздемені растайтын құжат қоса тіркеледі, оларды өтінімге қоса немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсыруға болады. Тиісті төлемдер енгізілген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауға тиіс.

Белгіленген мерзімде төлемдер туралы құжаттар тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Пайдалы модельге өтінім берілген күн сараптама жасау ұйымына пайдалы модельге патент беру туралы өтінім түскен күні бойынша белгіленеді, онда тегі, есімі, әкесінің аты (егер ол болса) көрсетілуі немесе арыз берушінің толық атауы, сипаттамасы, формуласы және сызбасы болуы керек, ал егер аталған құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, тапсырылған құжаттардың соңғысы түскен күні көрсетіліп белгіленеді.

Пайдалы модельге өтінімді жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

Өнеркәсіп үлгісіне патент беруге өтінім

Өнеркәсіп үлгісіне патент беруге өтінім бір өнеркәсіп үлгісіне немесе өзара байланыстылығы өнеркәсіп үлгісінің бірлігі талабын қанағаттандыратын өнеркәсіп үлгілері тобына қатысты болуға тиіс.

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімде:

1) өнеркәсіп үлгісі авторлары және атына патент сұралып отырған адамдар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген патент беру туралы өтініш;

2) мәлімделген үлгі (үлгілер) туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның (бұйымдардың) немесе макеттің кескіні бейнеленген қайта жасауға жарамды жиынтығы;

4) өнеркәсіп үлгісінің елеулі белгілерінің тізбесін қамтитын сипаттамасы;

5) өкілдер арқылы іс жүргізген жағдайда - сенімхат болуға тиіс. Өнеркәсіп үлгісіне өтінімге өтінім беруге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат және оның мөлшері кемітілуіне арналған негіздемені растайтын құжат қоса тіркеледі, олар өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде табыс етілуі мүмкін. Тиісті төлемдер енгізілген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Өнеркәсіп үлгісіне өтінім берілген күн болып сараптама жасау ұйымына өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын беру туралы арызда келтірілген, тегі, есімі, әкесінің аты (егер ол болса) көрсетілуі немесе арыз берушінің толық атауы, сипаттамасы, бұйымның кескіні (макеті) болуы керек, ал егер аталған құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, тапсырылған құжаттардың соңғысының түскен күні көрсетіліп белгіленеді.

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

2, 4, 6, 7, 9, 10, 11, 14, 17, 18, 19, 20, 22, 25, 27, 32, 35, 39, 41, 43, 58

№ 7 тақырып. Патенттік құқықтарды ресімдеу.

Патент өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретінде

Сабақтың мақсаты: Курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерін тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіңдіру. Бұл сабақта курсанттар:

а) патенттік құқықтарды ресімдеу тәртібін түсіндіре білу керек;

ә) өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретінде патенттің мазмұнын ашу керек..

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Патенттік құқықтың объектілері: ұғымы, және өнертабыстың, пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгінің қорғалуқабілеттілігінің белгілері.

2. Өнертабыс, пайдалы модель және өнеркәсіптік үлгі авторларының құқықтары. Жеке мүліктік емес құқықтары. Мүліктік құқықтар.

3. Патенттік құқықтарды ресімдеу. Өтінімді сараптау. Сараптама жүргізудің тәртібі мен мерзімі.

4. Патент иеленушілер мен авторлардың құқықтарын қорғау.

2 нұсқа

«Патенттік құқықтары ресімдеу» тақырыбында іскерлік ойын өткізу

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар:

Тақырыпты иегеру кезінде қорғау құжатына – патентке ерекше назар аударылуы керек.

Курсанттарға патент алу үшін сараптама жүргізудің тәртібін зерделеу қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

2, 4, 6, 7, 9, 10, 11, 14, 17, 18, 19, 20, 22, 25, 27, 32, 35, 39, 41, 43, 58

№ 7 тақырып. Патенттік құқықтарды ресімдеу.

Патент өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретінде

КОӨЖ - 3 сағат

№ 1 Тапсырма

«Қазақстан Республикасындағы патенттік құқықтарды тіркеудің проблемалары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар:

Тараптардың және дауласушы субъектілердің өз ұстанымдарын теориялық тұрғыда негіздеңіздер

№ 7 тақырып. Патенттік құқықтарды ресімдеу. Патент өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың нысаны ретінде

КОЖ - 3 сағат

№ 1 Тапсырма

Рефераттарды жазу мен қорғау:

1. Патенті беру және өзге де патенттік-құқықтық сұрақтарды шешу жөніндегі істерді жүргізуде патенттік сенім білдірушенің рөлі.

2. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патенттік құқықтарды ресімдеу.

3. Патент иеленушілерінің құқықтары: түрлері, мазмұны, шектеулері.

4. Өтінім беру құқығы. Автор болу құқығының мазмұны. Сый ақы алу құқығы және оны іске асыру.

5. Лицензиялық шарт.

№ 2 Тапсырма

Тақырып бойынша тестілік тапсырмалар шешу

№ 3 Тапсырма

Мына сұрақтардың жауабын тауып , жазбаша дайындау керек:

1. Бірегей дизайнға (Өнеркәсіптік үлгіге) құқықтық қорғауды немесе тіркеуді қалай алуға болады?
2. Өнеркәсіптік үлгіні қорғау мерзімі қандай?
3. Өнеркәсіптік үлгіні қорғау көлемі қалай айқындалады?
4. Өнеркәсіптік үлгіге өтінім беру күні қашан белгіленеді?
5. Өнеркәсіптік үлгінің нұсқаларына қашан өтінім беруге жол беріледі?
6. Өнеркәсіптік үлгінің қандай аналогтары болады?
7. Өнеркәсіптік үлгіге мәні бойынша сараптама жасауға төлем құжатын қандай мерзімде ұсыну қажет?
8. Өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы үшін не қажет?
9. Өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы қандай бөлімдерді қамтиды?
10. Өтінім құжаттарына өтінім беруші сараптаманың қандай сатысында өзгерістер енгізе алады?
11. Өтінім берушінің өнеркәсіптік үлгі бойынша теріс сараптамалық қорытындыға қандай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқығы бар?

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 8 тақырып. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

Сабақтың мақсаты: Сабақ барысында:

- а) курсанттар азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары сияқты ұғымдарды түсіндіре алуы қабілеттілігіне ие болуы тиіс;
- ә) азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдарына құқықтарын қорғаудың тәртібі мен тәсілдерін біліп алулары тиіс;
- б) тақырып бойынша негізгі бағыт-бағдарды беріп, теориялық материалды бекіту қажет;
- в) курсанттардың құқықтық дүниетанымын кеңейту және құқықтық мәтениетті тәрбиелеу.

Дәріс № 1 - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары ұғымы және түрлері.

2. Заңды тұлғаның дараландыру құралдары (фирмалық атауы, коммерциялық белгісі, орналасуы, домендік аты).

Дәріс № 2 - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Заңды тұлға қызметінің нәтижелерін дараландыру құралдары (тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі, тауар шығарылатын жердің атауы).
2. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдарына құқықты қорғау.

Дәріс тезисі

Фирмалық атаулардың түсінігі, белгілері, құқықтық қорғаудың шарттары. Санаткерлік меншік құқығы объектілерінің арасында АҚ 961-бабы фирмалық атауларды атайды. Олар туралы АҚ 38, 896-909, 1020-1023 баптарынан, Париж конвенциясының 8-9 баптарынан, 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексінен (одан әрі – КК) және «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңынан алуға болады.

АҚ 38-бабы (фирмалық атаудың түсінігін беретін негізгі нормасы, оның ережелері 1020-1023 баптарында) фирмалық атаулардың субъектілері ретінде тек қана заңды тұлғаларды, оның ішінде – тек қана коммерциялық ұйымдарды белгілейді.

Бірақ, КК 52-бабына сәйкес, жеке кәсіпкерге тиесілі, кәсіпкерлік қызметтің (немесе оның бөлігінің) фирмалық атауының түсінігін енгізеді. Жеке кәсіпкерлік дегеніміз – табыс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың меншігіне негізделген және сол тұлғалардың атынан жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі. Сонымен, жеке кәсіпкерлік қызметтің субъектілері болып, заңды тұлға ретінде құрылмай, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар табылады.

Аталған Кодекстің баптары кәсіпкерлік қызмет санатын енгізе отырып, жеке кәсіпкердің, өзінің ісіне (немесе бөлігіне) фирмалық атаудың тағайындауына құқығы бар екенін белгілейді.

Сонымен, жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғада – өзінің бизнесінде бір немесе бірнеше фирмалық атаулардың болуы мүмкін.

Белгіленген баптар біздің елімізде екі бірдей аталатын, бірақ әртүрлі құқықтық мәртебесіне (статус) ие болатын фирмалық атауларды туғызады – заңды тұлғаларда және жеке тұлғаларда.

Фирмалық атаулар арқылы кәсіпорындар өзінің коммерциялық қызметін жүзеге асырады, қаржы – несиелік операцияларды жасайды, сотта өз атынан талап қоя алады. Г. Боденхаузен (өнеркәсіптік меншік саласындағы атақты маман) фирмалық атауды белгілі бір жеке немесе заңды тұлғаны дараландыруға мүмкіндік беретін есімін көрсетуді белгілеген.

Фирмалық атаудың негізгі функциялары:

- фирмалық атаумен кәсіпорынды атайды және жекеменшік атауы болып табылады;

- кәсіпорынның мәртебесі, қызметінің саласы, шығу тегі туралы тұтынушыға хабарлайды.

Басты функциясы – кәсіпорынды ұқсас кәсіпорындардан бөліп шығару, дараландыратын белгісі болғанымен, өнімнің сапасы мен кәсіпорынның қызметінің кепілі.

Фирмалық атау кәсіпорынның күшті жарнамалық тәсілі, тұтынушы оны, біріншіден, кәсіпорынның тауарларымен және қызметімен байланыстырады.

Фирмалық атауы – кәсіпкердің, саудагердің меншігі, атау арқылы шарауашылық айналымға шығады. Фирмалық атауды пайдалану барысында іскерлік абыройға ие болады, тұтынушылардың арасында әйгілі болады, өзгеше атаулардан ерекшеленеді. Белгілі өндірушінің тауарлары мен қызметтері өзінің тұтынушыларын табады. Сонымен, кәсіпкердің көпжылдық адал қызметі арқылы фирмалық атау өзінің атағын алып, нәтижесінде экономикалық құндылыққа ие болады.

Фирмалық атау өнеркәсіптік меншік объектісі ретінде бар елдерде-Париж Конвенциясының қатысушыларында міндетті өтінім берусіз және тіркеусіз құқықтық қорғауға жатады. Әр ел бұл мәселені өзінің ерекше заңнамасы немесе өзгеше құқықтық нормалары арқылы реттейді.

Фирмалық атауларға қойылатын талаптар. Фирмалық атауларға қойылатын талаптар АҚ 38-бабында белгіленген – олар: акпараттық нақтылығы, жаңашылдық, айрықшалық, тұрақтылық.

Ақпараттық нақтылық деп біз фирмалық атаудың шындығын танимыз. Мәселен, коммерциялық тұлғаның фирмалық атауында «комитет», «департамент» деген ұғымдар болмау керек, себебі, олар тек қана мемлекеттік органдарға тиесілі ұғымдар болып табылады. Көптеген коммерциялық ұйымдарға фирмалық атаудың 2 түрде болуы мүмкін – толық және қысқартылған түрде.

Жаңашылдық пен айрықшалық – бір маңызда түсінілу керек – әр фирмалық атау бірегей болып, атақты фирмалық атауларды қайтамалау керек. Бірақ, тәжірибеде тұтынушы әр облыстарда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын біратаулы ұйымдарды кездесуі мүмкін. Біратаулы фирмалардың әртүрлі бизнеспен айналысуы көзге түспейді және норма ретінде саналады.

АҚ 38-бабының 2 тармағы келесіні белгілейді: «коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаның тіркеуден өткен соң оның фирмалық атауы деп саналады». Мәселен, бір аумақта, бизнестің бір саласында «Мақсат» ЖШС пен «Мақсат» АО әрекет етеді. Ұйымның біреуі екінші ұйымды фирмалық атауды пайдаланғаны үшін айыптауға құқылы ма? Ұйымдық-құқықтық нысаны әртүрлі болғаны жеткілікті ма?

АҚ 1020, 38-баптарының талдауы мынаны білдіреді: ұйымдық-құқықтық нысанының әртүрлілігі фирмалық атауларды ажыратуға әкеліп соғады.

Фирмалық атаудың құрамында ұйымдық-құқықтық нысанының бар болуы оның басты белгісі болып табылады.

Міндетті тала ретінде фирмалық атаудың тұрақтылығы фирмалық атау әрекет етуінің әр уақытта сақталуын білдіреді – (қашанға дейін заңды тұлға белгілі ұйымдық-құқықтық нысанында бар болса сол уақытқа дейін әрекет етуі).

Фирмалық атауға айрықша құқықтың аумақтық шектелу қағидасы қолданылады. Қазақстан Республикасы аумағында заңды тұлғаны тіркеу барысында атауға айрықша құқық әрекет етеді.

Фирмалық атауды пайдалануға айрықша құқығы. АҚ-38, 1020-1023-баптарына сәйкес белгілі бір тәртіпте тіркелген заңды тұлғаның фирмалық атауын пайдалануға айрықша құқығы бар.

Айрықша құқықтың пайда болу сәті заңда анықталған. АҚ 1020-бабына сәйкес, заңды тұлғаның фирмалық атауы қаржыны мақұлдағанда анықталады. Белгілі бір фирмалық атауымен заңды тұлға заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуіне енгізіледі. Сонымен, Қазақстан Республикасында фирмалық атауға құқықты қорғау кәсіпорынның мемлекеттік тіркеуден өткенен бастап пайда болады, ал заңды тұлға сол уақыттан бастап фирмалық атауды пайдалануға айрықша құқығын иеленеді.

Айрықша құқықтардың көлемі АҚ 1020-бабымен белгіленген. Заңды тұлғаның мынандай құқықтары бар: өзінің фирмалық атауын тауарларында, олардың орамаларында (упаковка), жарнамада, проспектілерінде, есеп-шоттарында, басылымдарында, ресми бланктерінде немесе оның қызметімен байланысты құжаттарында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін көрмелер немес жәрменкелердегі тауарларын көрсету.

Фирмалық атауға билік ету үшін иесіне АҚ 1023-бабымен белгілі бір шектеулер қойылған. Бұл, біріншіден, фирмалық атаудың жекелеген сипаттамасымен, сонымен қатар, азаматтық айналымға қатысушыны дараландыру үшін басты функциясымен байланысты.

АҚ 1023-бабы мынаны белгілейді: кәсіпорынды жалпы иеліктен шығару және заңды тұлғаның қайта құру жағдайларын қоспағанда, заңды тұлғаның фирмалық атауға құқығының ауысуына немесе иеліктен шығаруға жол берілмейді.

Бір жағынан мынаны ұмытпау керек, фирмалық атау бұл айрықша құқықтың объектісі болғанымен, басынан бастап мүліктік құқық ретінде есептеледі (АҚ 964-бабы). Субъектінің өзінің айрықша құқығынан пайда табуына жол бермеудің немесе бас-аяғынан бастап берілген құқықты билік етуді шектеудің мәні жоқ деп тануға болады.

Сонымен, АҚ 1023-бабын заңгерлер мынандай редакцияда ұсынған: «Фирмалық атауға құқықтың иесі басқа тұлғаға шартта келісілген әдістермен өз атауын пайдалануға рұқсат етуі (лицензия беруі) мүмкін».

Аталған норманы былай түсіну қажет: үшінші тұлғаға фирмалық атауды кез-келген тәсілдермен пайдалану үшін жол берілмейді. Мысалы, балардың тауарларын сатумен айналысатын, қалада әйгілі, әрі беделді фирмалық атауы

бар дүкен, қаржылық қиындықтар салдарынан өзінің аланын жалға береді. Тараптардың арасында бекітілген лицензиялық шартта мынандай талаптардың бар болуы мүмкін емес: дүкеннің оң имиджіне сенімді жоғалтуға алып келетін спирт-ішімдіктерін, темекіні және өзгеде тауарларды сату.

Фирмалық атауларға құқықтардың қорғалуы және тоқтатылуы. Кеңес дәуірінен бастап бөтен фирмалық атауларға құқықтарды бүлдірушілерге қолайсыз шараларды қолдану тәжірибесі белгілі. Мысалы, бір сағат зауыты әйелдерге арналған қолсағат жасап, «Эра» деп атаған. Францияға экспорттаған кезде «Эра» деген фирмалық атауы бар жергілікті фирма оларды сатудан шығарып тастауды талап етті. Кеңестік сыртқы тауар ұйымы аталған сағаттарды Францияға алып шығарып, «Слава» деген фирмалық атау беріп, жаңа циферблаттар жасап, өзге шығындарды көтерді.

Қазақстанда және Ресей Федерациясында фирмалық атаулардың әкімшілік және соттық қорғау тәжірибесі әлі қалыптасуда. Бірақ бар болған прецеденттерден және қазіргі заңнамадан қорғауға жататын шаралардың мынандай жүйесі белгіленді:

- әкімшілік-құқықтық қорғау;
- құқықтарды соттық қорғау;
- құқық иеленушінің фирмалық атауын өзін-өзі қорғауды қосқанда, оң сипаты бар шаралар.

Әкімшілік-құқықтық қорғау тәсілі ретінде мынандай мысал келтіруге болады. Құқық иеленушілердің уәкілетті органға жосықсыз бәсекелестікті тоқтату үшін арыз беруі.

2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексінің 177-бабына сәйкес, құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған бәсекелестіктегі кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады. Жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынады. Жосықсыз бәсекелестікке мынадай әрекеттер жатады:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

2) басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

3) бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;

4) нарық субъектісінің беделін түсіру;

5) көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама;

6) мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу);

7) бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру;

8) сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;

9) нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;

10) сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық;

11) сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;

12) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану;

13) тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу;

14) нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы.

Уәкілетті орган болып Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті есептеледі.

Аталған орган монополияға қарсы орган болып табылады. Ол өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексереді және тергеп-тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылдайды.

Бұл жерде *тергеп-тексеру деп* монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың жасалғанын растайтын немесе жоққа шығаратын нақты деректерді осы Кодексте көзделген тәртіппен жинауға бағытталған іс-шаралары түсініледі.

Монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтердің келіп түсуі тергеп-тексеруді бастау үшін негіз болып табылады, олар:

1) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы көрсетіле отырып, мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар;

2) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерін көрсететін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші;

3) монополияға қарсы органның өз қызметін жүзеге асыруы кезінде нарық субъектісінің, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың әрекеттерінен Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерін анықтауы;

4) монополияға қарсы органға келіп түскен, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерінің бар екендігі туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауы болып табылады.

Монополияға қарсы орган өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша монополияға қарсы органның лауазымды адамы мынандай қорытындылар (шешімдер) әзірлейді:

1) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеруді КК көзделген негіздер (223-бабы) бойынша тоқтатады;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және КК белгіленген жағдайларда (226-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары) нұсқама шығарады;

3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарады;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы шешім қабылдайды.

Фирмалық атауларға құқықтарды соттық қорғау заңгерлерге өзінің рәсімдерімен және әмбебаптығымен танымды. Қазақстанның және Ресей Федерациясының фирмалық атауларды соттық қорғауымен байланысты тәжірибесі әлі қалыптасып жатыр, бірақ, істердің санаттары және шығарылған шешімдердің нақты болу тенденциясымен көзге түседі. Қазіргі таңда кең таралған істерге – тауар таңбасына және фирмалық атауға құқық иеленушілер мүдделерінің қақтығысуы жатады. Мысалы, «Империя» деген фирмалық атауы бар фирма, көптеген жағдайларда, сотпен «Империя» тауар таңбасының құқығын бұзушы деп танылады, яғни аталған фирмалық атаумен ол жарнама өткізуге, іскерлік операцияларды жасауға құқығы жоқ.

Аталған мәселе Қазақстанда және Ресейде шешілуі қажет. Сондықтан, «Фирмалық атаулар туралы» Заң мүлтіксіз қабылдау және фирмалық атаулардың базасына тіркеу тәртібін, атақты фирмалық атаулардың анықтау тәртібін ұсыну керек.

Фирмалық атауға құқық өзінің негізі бойынша мерзімсіз құқық деп саналады. Оның әрекет етуі заңды тұлғаның жойылуымен немесе фирмалық атаудың өзгертілуімен тоқтатылады. Әрекет ететін құқықтық қайнар көздерді талқылап, өзге құқықтармен салыстырғанда, фирмалық атауларға құқықтардың тоқтатылу негіздеріне қатысты мынандай тұжырымдар жасауға болады:

біріншіден, еректі түрде фирмалық атаудан иесінің бас тартуы. Дәлелдер әртүрлі болуы мүмкін – атаудың жағымсыз естілуі және осыған байланысты жаңа атауға ауыстыру мақсатының болуы. Мәселен, оңтүстік Корея фирмасының – тұрмыстық техниканы өндүрушісінің фирмалық атауын Gold Star – дан жаңа атауға – LG атауына ауыстыруы.

екіншіден, фирмалық атаудың заңды тұлғаның қайта құрылуына байланысты еріксіз өзгертілуі. Мәселен, қайта құрылған кезде бөлінген заңды тұлғаның ескі фирмалық атауды қалдыруға құқығы жоқ, немесе керісінше, 2 заңды тұлға қосылған жағдайда жаңа заңды тұлға біреуінің ескі фирмалық атауын алғысы келмеген жағдайда.

үшіншіден, фирмалық атауды өзгерту қажеттігі туралы сот шешімнің бар болуы (дайындау, белгілеу және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзу барысында заңның талаптарын сақтамау).

Тауар таңбалары және қызмет көрсету таңбаларына құқықтардың түсінігі және функциялары.

Тауар таңбасының ресми түсінігі АҚ 1025-бабының 1 тармағында және «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26

шілдедегі Заңының 1-бабында қарастырылған: тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі – тауар таңбасы) – бұл тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі.

Ұғымнан тауар таңбасының біріншіден белгі ретінде көзделгені көрініп тұр. Аталған Заңының 5-бабына сәйкес тауар таңбасы ретінде бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін. Тауар таңбасы кез келген бояулы түсте немесе бояулы түстер үйлесімінде тіркелуі мүмкін¹.

Тауар таңбаларының *топтастырылуы және әр түрлері* болуы мүмкін.

Оның тәжірибелік маңызы *ресми топтастырылуында*. Олар өзара топтастыру себептерін таңдауы бойынша ажыратылады (тара таңбалар мәнерінің нысаны, құқық иеленуші субъектілердің құрамы, атақты болуы және әдеттегідей болуы).

Кең таралған тауар таңбаларының түрі – бұл өзіндік тауар таңбалары.

Сөздік белгілер деп (болашақ белгілері) сөз мағынасы бар сөздердің немесе әріптердің сөзтіркесін, сөзтізбелерін, тілдің өзгеше біріктірілуін, сөйлемдерді түсінеміз.

Казпатентте берілген сөздік тауар таңбаларының мысалдары болып мыналар табылады: «Асем-Ай» ЖШС-пен мәлімделген АСЕМ-АЙ тауар таңбасы, Колгейт-Палмолив Компаниясымен мәлімделген COLGATE таңбасы және т.б.

Бейнелеу тауар таңбалары өзімен адамдардың, жануарлардың, заттардың, күрделі желілердің және фигуралардың, орнаменттердің белгілі немесе абстрактілі бейнелерін, сонымен қатар жоғарыда айтылған элементтердің әртүрлі композицияларың білдіреді.

Казпатентке берілген бейнелеу тауар таңбаларының мысалдары болып мыналар табылады: «Мерседес-Бенц» концернімен мәлімделген дөңгелектің ішіндегі үш сәулелік жұлдыз, «Сахарный центр» АҚ мәлімделген қара фондағы 3 таудың бейнесі ж.т.б.

Көлемді тауар таңбаларына тауардың функциясымен байланысы жоқ және нысаны бірегей болған 3 өлшемді объектілер саналады (тауардың орамасы, флакондар, сабынның нысаны, ыдыстар, шоколад фигуралары және дәстүрлі емес түрі бар өзгеде заттар).

Казпатентке берілген көлемді тауар таңбаларының мысалдары болып мыналар табылады: «Кока-Кола» компаниясымен мәлімделген созылған бірігей нысаны бар «SPRITE» ыдысы, «Саппоро-Брюэриз» компаниясымен

¹ «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК

мәлімделген «SAPPORO» жазуы және шығыс иероглифі бар біртұмалық қаңылтыр банкесі ж.т.б.

Комбинацияланған белгілерге әр түрлі элементтердің комбинациялары жатады – сөздік, көлемді және графикалық.

Комбинацияланған тауар таңбаларының үлгілік түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: «Раимбек-Raimbek» белгісі, «Раимбек» сөзінің үстіндегі еріп жүрген 2 аттың қасындағы ат бегі (жылқышы), 1 атты фирмасымен мәлімделген, «Сеймар» фирмасымен мәлімделген құстын бейнесімен жырылған ағылшын және орыс тілдеріндегі «Сеймар» сөзі ж.т.б.

Өзгеше белгілерге жоғарыда айтылған «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңға сәйкес дыбыс түріндегі *дыбыс белгілері* де жатады.

«Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңының 1-бабында белгіленген заңды ұғымынан тауар таңбаларынан 3 функциясын қарастыруға болады.

Біріншісі – ол біртектес тауарлардан (қызметтен) ажырататын және оның қай жерінде өндірілгенін көрсететін идентификациялық функция. Сатып алушы, дүкенге келгеннен кейін өзіне сай келетін тауарды сатып алған бетте, бәсекелестердің арасынан белгілі бір өндірушіні таңдайды.

Екіншісі – ақпараттық функция, тұтынушыға тауардың сапасы туралы ақпаратты жеткізу. Яғни, тұтынушы белгілі бір тауар таңбалардың сапасы мен бағасы бойынша оның қойылған талаптарына сай келгеніне үйреніп қалып, көптеген жағдайларда сол тауар таңбасы бар өзгеше тауарларды сатып алуға дайын.

Үшіншісі – жарнамалау функциясы. Тауарды нарыққа жіберген бетте ең басты ауырлығы сол тауар таңбасына жатады.

Тауар таңбаларының, қызмет көрсету таңбаларының тіркеу шарттары. Көптеген елдердің заңнамалары тауар таңбасына құқықтардың пайда болуының 2 негізін қарастырады - азаматтық айналымындағы *оның алғашқы қолданылуы* немесе уәкілетті мемлекеттік органында *оның тіркелуі*.

Тауарлардың шығарылатын жерлердің атауларының ұғымы. Тауардың пайда болатын орынының атауы (бұдан әрі географиялық объект) – ол тауарды айқындау үшін қолданылатын, негізгі қасиеттері ерекше немесе ең алдымен берілген географиялық объектілердің табиғи жағдайлары немесе адамдық факторлары үшін, немесе табиғи жағдайлармен және адамдық факторлармен бір уақытта сипаттамалы анықталатын елдің, тұрғылықты орынның, аймақтың немесе басқа географиялық объектінің атауы («Палех», «Якутские алмазы», «Русский квас», «Дымковская игрушка» және т.б.). Сонымен бірге тауардың шығарылатын орнының атауы географиялық объектің тарихи атауы болып табылады («Иверия», «Урарту», «Тракия», «Суоми» және т.б.).

Талдаудың нәтижесі бойынша тауар пайда болатын орнның атауы мынандай 4 міндетті белгілермен сипатталады:

1) айқындалған жерлердің атауы (елдің шектелген аумақтарының, тұрғылықты орындардың, аймақтардың, таулардың, өзендердің, көлдердің атауы);

2) тауардың негізгі қасиеттері (олар тауардың сирек ұшырайтындығын және таңдаулығын анықтайды, олар тұрақты және даусыз болу керек);

3) табиғи жағдайларды қосатын географиялық орта (климат, ылғалдық дәрежесі, жылына жайма-шуақ күндердің саны және т.б.) және адамдық факторлар (кәсіптік тәжірибе, мәдениет, өндірістік дәстүрлер, ерекше технология, этнографиялық негіздер және т.б.);

4) тауардың негізгі қасиеттерінің географиялық ортамен байланысуы (тарихи ерекшеленген ортаның ерекше жағдайлары тауардың негізгі қасиеттерін ескертеді, онсыз оның пайда болуы мүмкін емес. Мысалы, тауарлардың анықталған тобы бар, географиялық ортаның бір элементіне байланысты болатын негізгі қасиеттерінің пайда болуы – микрофлоралар. Ол «пильзенский сыра», «болгар қышқыл сүт»-ке қатысты белгіленеді).

Тауарлардың шығарылатын жерлердің атауларының құқықтық реттелуі. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңында өнеркәсіптік меншік объектілерінің сапасында тауар шығарылған жердің атауын (одани әрі – ТШЖА) құқықтық қорғау қарастырылған. Объектінің анағұрлым нақты ашық анықтамасы 1883 жылғы өнеркәсіп меншігін қорғау бойынша Париж конвенциясы аясында әрекет ететін олардың халықаралық тіркеуі өтетін орындарының атауын қорғау бойынша Лиссабон келісімінде берілген. Ол шамалы өзгерістермен ел қатарының ұлттық заңнамаларына ауыстырылған. . «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңы заңды және экономикалық аспектілер бір-бірін жоймайтын, керісінше толықтыратын мынандай анықтамалар келтірілген: «Тауардың пайда болатын орнының атауы – ол негізгі қасиеттері ерекше немесе ең алдымен табиғи жағдайларды және/немесе адамдық факторларды қоса оның өндірілетін орнымен байланысты тауарды айқындау үшін қолданылатын географиялық көрсеткіш».

ТШЖА тауарлы белгілер сияқты тауарларды жекешелендіретін құрал және тауарлардың негізгі қасиеттері берілген географиялық орындармен байланысты болып табылады.

«Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңының 26-бабында ТШЖА сапасы ретінде қандай белгілер тіркелетіні туралы түсінік беріледі. Ол елдің, тұрғылықты орындардың, аймақтардың, таулардың, өзендердің және басқа географиялық объектілердің атаулары болуы мүмкін. ТШЖА аймақтардың атауларынан («Полюстрово», «Сарыағаш», «Боржоми»), немесе географиялық объектілердің атауы және көз тартатын белгілер көрсеткіштерінен («Ақсай минералды сусын») тұратын ауызша белгілер түрінде көрсетіледі. ТШЖА сапасы ретінде географиялық объектілердің арнайы қазіргі немесе тарихи атаулары, сонымен қатар олардан өндірілетін («Цейлон шайы») атау болуы мүмкін.

ТШЖА сапасы ретінде тіркелуі мүмкін емес белгілер (Қазақстан Республикасының тауар белгілері туралы Заңының 27 бабы):

1) Қазақстан Республикасында тауарды дайындайтын орынмен байланысы жоқ анықталған тауар түрінің белгісі ретінде барлық жалпы қолдануға енген географиялық объектінің атауы болып табылады немесе осындай атаулары бар белгілер («Жигулёвский сыра», «Краковский колбаса», «Голландский сыр»);

2) Географиялық көрсеткішті көрсететін, тауарды өндіретін орынды адастыруға қабілетті белгілер, мысалы, Қазақстан Республикасының өндірушілері үшін «Московская» арағы;

3) Тауарды шың мәнінде өндіретін орынды формалды көрсететін, бірақ тауар басқа аумақта жасалатыны туралы қате көрсеткіш беретін белгілер (Қазақстан Республикасының өтінушілері үшін «Оралдың асыл тастары»).

Тауардың пайда болу орнының атауы берілген тауар аналогиялық тауарлардан ерекшеленетін, тауарға қатысты негізгі қасиеттерімен ғана тіркелуі мүмкін. Пайда болатын орыс анықталған географиялық объект болып табылады.

Негізгі қасиеттері осы аумақтар үшін климаттық, геологиялық немесе басқа да табиғи сипатталған жағдайлармен ескертілген болуы мүмкін және географиялық объектіде қолда бар бастапқы шикізат («Ақмола бидайы», «Қарағанды көмірі»). Табиғи факторлардың ықпалы олардың нақтылығына байланысты болатын ауыл шаруышылық тауарлар үшін басым болады.

Негізгі қасиеттер берілген орында тауарды ұлттық тәсілмен дайындай алатын қабілеті бар адамдармен анықталады («Вологодские кружева», «Гжель»). ТШЖА сапасында географиялық көрсеткіштер болып табылмайтын, бірақ тұтынушылардың санасында нақты географиялық аймақпен байланыстырылатын белгілерді тану мүмкіндіктерін ескерсек, онда «Тускииза» НМПП сапасы ретінде тіркелуі ақиқат. Ол халық тірлігі – жүн жіптің негізгі сорттарынан негізгі технологиялар бойынша кілемдерді дайындау – алыстағы елдің шекараларындағы қазақстандық кілем-тускиіздерге даңқтылық әкелетініне мысал. Тауарлардың негізгі қасиеттері адамдық факторлармен анықталған жағдайларда, ТШЖА нақты болмауы мүмкін және анықталған жағдайлар кезінде көз тартарлыққа айналады («париж ветчина», «әтір»).

Көп жағдайларда тауардың негізгі қасиеттері бір уақытта және сәтті климат жағдайлар, және адамдық факторлар кезінде пайда болады. Осындай кезде негізгі дәстүрлердің, технологиялардың және өнерлердің пайда болуы үшін алғышарты болып нақты аймақтың өзгеше табиғи жағдайлары қызмет жасайды. Шараптардың көптеген белгілі сорттары өзгеше климаттық жағдайлары жүзімнің негізгі сорттарын өсіруге мүмкіндік туғызған өндіріс орындары бойынша аталған, ал шарап ашытушылардың зор тәжірибесі шараптардың жаңа сорттарының негізіне жатады («Хванчкара», «Шампан», «Коньяк»). Сондай-ақ Қазақстанда осы аумақтың жүзімнің негізгі, өзіне лайық сорттардан ғана шараптарды дайындау дәстүрі бар. Сонымен, исыкский, тургенский, семиреченский шараптары Қазақстан шараптарын жекешелендіру

үшін қызмет жасай алады. Гончар істерін қарастыратын болсақ, онда қапшағай гончарларының шеберлігі таңдаулы және жоғары сапалы орындалуымен ерекшеленетін – тағы бір «Қапшағай фарфоры» ТШЖА объектісінің бастапқысы болар еді. Ел қатарының практикасы көрсететіндей тауарлармен байланысты ТШЖА, табиғи жағдайлардың және адамдық факторлардың бір уақытта әрекет ету кезінде қалыптасқан сапалы сипаттамалар анағұрлым тұрақты. Бірақ, өндірістің аймақтан өзгеше табиғи жағдайлармен қол үзген кезінде ТШЖА көз тартарлық белгілер сапасына ауысады (Саперави, ркацитель, херес, портвейн). Көз тартарлық ұғымы тауарды бірдей тауар немесе әртүрлі кәсіпкерлердің біртектілік тауарлары үшін ұзақ қолданған қорытындысында тауарды шың мәнінде өндіретін орынды көрсету қабілетін және оның негізгі қасиеттері туралы куәландыруды жоғалтқан тауарды анықтау үшін қолданылатын белгі болып түсіндіріледі.

Тауарлардың негізгі қасиеттерін сақтау мәселесі ТШЖА көз тартарлық белгіге ауысуды болдырмау мемлекет үшін өте маңызды. Біздің елімізде ТШЖА сапасы ретінде негізі табиғи минералды сусындар үшін географиялық белгілер тіркеледі. Мысалы, «Сарыағаш» минералды сусыны» белгісін өз өнімінде қолдануға оннан артық өндірушілер үміттенуде. Табиғи сусынның негізгі қасиеттерін сақтауды бақлауды жүзеге асыру, оның өндірістерінің шекараларын аумақтық айқындау, демек «судан шайылу» белгісін қорғау мақсатында өндірушілер санынан «Сарыағаш» минералды сусының өндірушілердің қауымдастығы құрылды. Тауар өнімдерінің затбелгілерінде Қауымдастық белгісінің бар болуы тұтынушылар үшін тауардың сапалық кепілдігі болып табылады.

Тауардың шығарытын жерлердің атаулары және тауар белгісі. Тауарлардың пайда болу орындарының атауы тауарлы белгілердің сапасында жиі географиялық объектілердің атауы қолданылғандықтан тауарлы белгілермен және қызмет көрсету белгілерімен өте ұқсас. Олар орындалатын функциялар бойынша сәйкес келеді және кейде өздерінің сыртқы формалары бойынша айырмашылығы болмайды. Олардың негізгі айырмашылығы тауар белгісі ТШЖА -ға қарағанда қасиеттерді және тауардың сапасын оны өндіретін орнының географиялық ортасының негізгі қасиеттерімен емес, ал оның нақты өндірушісімен тауардың сапасын байланыстыруды білдіреді.

Тауар белгілерінен және қызмет көрсету белгілерінен айырмашылығы ТШЖА -ға жаңалық талап етілмейді. Ол тауарлардың белгілеріне қосылатын географиялық объектілердің атауы жаңа болып табылмайтынмен түсіндіріледі. Керісінше, сол себептен олар тұтынушыға белгілі және онымен осы аймақта өндірілетін анықталған тауардың қасиеттерімен байланысады, олар құқықтық қорғауға жатады.

Осы себептерден ТШЖА -ға басымдылық түсінігі қолданылмайды.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 15, 23, 24, 30, 33, 37

№ 8 тақырып. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

Сабақтың мақсаты: Сабақ барысында:

- а) курсанттар азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары сияқты ұғымдарды түсіндіре алуы қабілеттілігіне ие болуы тиіс;
- ә) азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдарына құқықтарын қорғаудың тәртібі мен тәсілдерін біліп алулары тиіс;
- б) тақырып бойынша негізгі бағыт-бағдарды беріп, теориялық материалды бекіту қажет;
- в) курсанттардың құқықтық дүниетанымын кеңейту және құқықтық мәтениетті тәрбиелеу.

Семинарлық сабақ № 1 - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарының, олармен шығарылатын өнімдердің (жұмыстар, қызметтер) ұғымы және құқықтық режимі, оның ішінде:
 - заңды тұлға атауына құқық. Фирмалық атауға құқық;
 - коммерциялық белгіге құқық;
 - тауар белгісіне және қызмет көрсету белгісіне құқық.
2. Домендік атау.

Семинарлық сабақ № 2 - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарына және шығарылатын өнімдерге (жұмыс, қызмет) құқықтың субъектілері.
2. Азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарына және шығарылатын өнімдерге (жұмыс, қызмет) құқықтың мазмұны.
3. Дараландыру құралдарына құқықты қорғау.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

2 нұсқа. Мини конференция өткізу

Әдістемелік ұсынымдар

Сабаққа дайындалу кезінде осы тақырып бойынша әрбір сұрақты конспектілеу қажет, сұрау жүргізуге дайын болып, әрбір тақырыпқа берілген тапсырмаларды орындау қажет.

Сабақ мини конференция түрінде өткізіледі.

Мини конференция өткізудің тәртібі: курсанттар 2 топқа бөлінеді.

Бірінші топ тақырып сұрақтары бойынша баяндамалар дайындайды.

Екінші топ қарсы пікір берушілер ретінде сөз сөйлейді. Қарсы пікір берушілер баяндамашылардың баяндауларын талдайды және оларға сұрақ қояды.

Пікірталастар өткізу тәртібі: курсанттар 2 қарсы топқа бөлінеді. Әрбір топ өз көзқарастарын дәлелдеу үшін өздерінің дәлелдерін келтіреді және басқа топтың мәлімдеулерін жоққа шығарады.

Қорытынды: оқытушы курсанттың әрбір жұмысын оның дайындық деңгейіне байланысты бағалайды және тиісті балдарды қояды.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі **3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 15, 23, 24, 30, 33, 37**

№ 8 тақырып. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

КОӨЖ - 3 сағат

Тапсырма

«Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарлар, қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізу.

№ 1 Тапсырма

«Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарлар, қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарын тіркеу» тақырыбында іскерлік ойын өткізу.

№ 2 Тапсырма

Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының фирмалық атауды қорғау сұрақтары бойынша ішкі заңнамамен ара-қатынасын талдау және жазбаша түрде белгілеу.

№ 3 Тапсырма

Мына тақырыптар бойынша баяндамалар жазу және қорғау:

1. Өнеркәсіп объектісі ретіндегі фирмалық атаудың ұғымы және ерекшеліктері.

2. Интеллектуалдық меншік объектісі ретіндегі тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің ұғымы мен ерекшелігі.

3. Шетелдердегі қазақстандық шаруашылық жүргізуші субъектілердің дараландыру құралдарына құқығын қорғау.

Өткізудің нысаны: ауызша және жазбаша.

Әдістемелік ұсынымдар

1. Тапсырманың мәтінін – ұсынылған фабуласын мұқият оқыңыз.

Даулы жағдайды Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне, қолданыстағы заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шешіңіз.

Жауапты жазбаша түрде дайындаңыз.

Тараптардың және дауласушы субъектілердің өз ұстанымдарын теориялық тұрғыда негіздеңіздер.

2. Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі 1883 жылғы 20 наурыздағы Париж конвенциясының және Қазақстан Республикасының «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңының мәтінімен танысып, қажетті жерлерін конспектілеу.

№ 8 тақырып. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

КӨЖ - 3 сағат

№ 1 Тапсырма

Рефераттар жазу және қорғау:

1. Тауар белгісі мен қызмет көрсету белгілеріне құқық.
2. Тауар белгісі мен қызмет көрсету белгілері иелерінің құқықтары және оларды азаматтық-құқықтық қорғау.
3. Тауар белгісі, құқықтарды ресімдеу, куәліктің жарамдылық мерзімі, құқықтарды беру.
4. Тауар белгісінің түрлері.
5. Тауар шығарылатын жердің атауы.

№ 2 Тапсырма

Дараландыру құралдарына салыстырмалы-құқықтық сипаттаманы кесте түрінде жасаңыз.

Фирмалық атауға құқық	Тауар белгісіне құқық	Тауар шығарылатын жердің атауына құқық
-----------------------	-----------------------	--

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

2.10. ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Сабақтарға дайындалу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі мен заңнамасын талдаған жөн, оқу материалдарын зерделеп, ғылыми проблемаларды игеру мақсатында периодикалық басылымдарды қорытындылау қажет. Негізгі ұғымдар мен санатарды және зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін заң терминдерінің сөздіктерін пайдаланған жөн, сонымен қатар, азаматтық процестік құқығының негізгі институттарының әр түрлі құқық жүйлерінде салыстырмалы талдауын жүргізу ұсынылады.

Оқу процесінде пайдалану үшін оқытушылармен әзірленген пән бойынша электрондық дәрістер және мультимедиялық презентациялар пайдаланған жөн.

Азаматтық процестік заңнаманы, сонымен қатар, семинарлық сабақтарға дайындалу шеңберінде пән бойынша теориялық негіздерді жүйелі зерделеу дәріс сабағында алған материалды бекітуге септігін тигізеді.

Пән бойынша өзіндік жұмыс түрлерінің тізбесі және түрлері:

1. Жылдам оқу (Skit) – оқыту бағдарламасына сәйкес берілген материалды оқу.

2. Тақырып бойынша шолу дайындау (Review) – басылымнан және Интернет ақпараттық ресурстарынан қосымша материалдарды қолдана отыра ұсынылған тақырып бойынша 1-2 беттен тұратын қысқаша әдебиеттер шолуын жазбаша жасау.

3. Глоссарии жасау – терминдерді латын тілінен мемлекеттік тілге қысқаша түсіндіру.

4. Нақты оқу жағдайлары – курсанттарға көптеген қарапайым және күрделі жағдайлар ұсынылады, ол бойынша сұрақтарға жауап беріледі немесе проблемаға қатысты өз көзқарасы жазылады, едәуір жақсы дайындалған курсанттар өз кейстерін жазуларына болады.

5. Топтық жоба – топта не бары 14-5 курсант болу керек, әрбір топ өз жобасын жасау қажет; мысалы, конференцияға баяндама.

6. Жеке жоба – едәуір жақсы дайындалған курсанттар өз ұмтылыстары бойынша орындайды; жұмыс өзінің бірігейлігімен, тақырыптың өзектілігімен, зерттеушілік сипатымен ерекшелену қажет; жобаның нәтижесі дөңгелек үстелде, халықаралық конференцияларда баяндалуы мүмкін.

7. Эссе – аз көлемдегі және ерікті композициядағы прозалық шығарма, публицистиканың, эстетиканың, әдеби сынның, әдебиеттің және т.б. тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарына жаңа қырынан қарап, әдеттегі дағдыланғаннан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерден құрылатын жанр. Эссе дайындау курсанттарға мынандай дағдылар береді:

- сын көзбен бағалау;
- өз жұмысында басқа авторлардың еңбектерін пайдалану;
- өз жұмысына түзетулер енгізу;
- ғылыми жұмыстың жобасын жасау.

Эссенің негізгі мақсаты болып курсанттарға авторлар ойын жеткізу емес, оның идеясын, өз ұстанымын көрсету табылады.

Өзіндік жұмыстың нысаны мен мазмұны:

1. Курсанттарға үй тапсырмасын жасауға жәрдем беру:

- тізімнен таңдалған немесе оқытушымен берілген рефератты, баяндаманы жазуға көмектесу және тексеру;
- пәннің құрылымдық-логикалық сызбасын жасауға көмек;
- игерілетін пән негізгі институттарының проблемалары бойынша шолуларды дайындауға көмек;
- глоссарии дайындауға көмек.

2. Курсанттармен дайындалған метариалдарды талқылау және тексеру:

- тақырып бойынша дайындалған глоссаридің мәтіндерін тексеру;
- үлгерімі жақсы курсанттармен орындалған тақырып бойынша әдебиеттер шолуымен таныстыру;
- курсанттар тақырып бойынша баяндаманың презентациясын жасауға дайындығын тексеру.

3. Дәптердегі конспектіні, үй тапсырасының орындалуын тексеру.

4. Курсантар білімін бақылауды жүргізу.

5. Орындалған тапсырмалар бойынша бағалар қою.

6. Өткізіп алған және үлгерімі төмен курсанттар үшін жеке кеңестер.

Курсант жұмыстың маңызды жалпыоқу тәсілдерін білу қажет:

1. Оқу қызметін жоспарлаудың іскерлігі мен дағдысы:

- 1) оқу міндетін сезіну;
- 2) мақсат қою;
- 3) оларға жетудің ұтымды және оңтайлы жолдарын таңдау;
- 4) қызмет кезеңдерінің реттілігі мен ұзақтығын анықтау;
- 5) қызмет моделін (алгоритімін) жасау;
- 6) сабақта және үйде өзіндік жұмысты жоспарлау;
- 7) планирование на день, неделю, месяц.

2. Өз оқу қызметін ұйымдастыру іскерлігі мен дағдысы:

1) жұмыс орнын ұйымдастыру – оқу құралдарының бар болуы мен жай-күйі, оларды ұтымды орналастыру, қолайлы тазалық талаптарына сай жағдай жасау;

- 2) жұмыс режимін ұйымдастыру;
- 3) өзіндік үй жұмысын ұйымдастыру;
- 4) ой қабілеті әрекеттерінің тәртібі мен тәсілін анықтау.

3. Ақпаратты қабылдау іскерлігі мен дағдысы, ақпараттың әр түрлі қайнар көздерімен жұмыс (коммуникативтік):

- 1) оқу, кітаппен жұмыс, конспектілеу;
- 2) библиографиялық іздеу, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс;
- 3) сөз сөйлеулерді тыңдау, тыңдалғанды жазу;
- 4) ақпаратты мұқият қабылдау, зейнді басқару;
- 5) байқау;
- 6) еске сақтау.

4. Ерекше топты компьютермен жұмыс іскерліктері мен дағдылары құрайды, оның ішінде:

- Интернетте жұмыс;
- электрондық оқулықпен жұмыс;
- білім беру бағдарламасымен жұмыс;
- бақылау бағдарламасымен жұмыс;
- қашықтықтан оқыту жағдайында жұмыс;
- электрондық пошта (off-line) немесе жедел режим (on-line) бойынша телеконференциялар;
- хабарландырудың электрондық тақталар;
- электрондық кітапханалар;
- электрондық пошта (off-line) немесе жедел режим (on-line) арқылы мәліметтер базасына қол жеткізу;
- телебейнеконференциялар.

Курсанттар оқу және арнайы әдебиеттермен өз еріктерімен жұмыс істей білулер қажет, оларға қызықты проблемаларды тауып, олардың мазмұнын аша білу қажет. Курсанттардың өзіндік жұмысының (аудиториядан тыс) негізгі нысаны болып:

- азаматтық процестік құқығы бойынша бағдарламаның жекелеген тақырыптары бойынша рефераттар, баяндамалар мен хабарламалар дайындау;
- ғылыми конференцияларға қатысу;
- аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу табылады.

Курсанттардың өзіндік жұмысының бірқатар нысандары (азаматтық процестік құқығы бойынша бағдарламаның жекелеген тақырыптары бойынша рефераттар, баяндамалар мен хабарламалар дайындау, ғылыми студенттік конференцияларға қатысу және т.б.) шеңберінде мынандай қағидалық сұрақтарға басты көңіл бөлу қажет:

- оқытушының ұсынуы бойынша азаматтық процестік құқығы пәнінен жаңа монографиялық басылымдарды, сонымен қатар, заң журналдарындағы барынша маңызды мақалаларды оқу; осы жұмыстарды тәжірибелік сабақтарда одан әрі баяндау және талқылау үшін конспектілеу;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Бюллетенінде басылымға шыққан жиі кездесетін азаматтық істер бойынша қысқаша шолу жасау. Мұндай шолулардың қорытындылары тәжірибелік сабақтарда талқылауы тиіс;

- соттың, адвокатура жұмысы практикасына курсанттардың қызығушылығын арттыру үшін жалпы құзыреттегі сот отырыстарына қатысу (оқытушының тапсырмасы бойынша). Едәуір қызықты азаматтық істер бойынша мұндай қатысулардың қорытындылары тәжірибелік сабақтарда немесе ғылыми үйірмелердің отырыстарында талқылану қажет;

- курсанттарды олардың жұмыстарымен таныстыру үшін кәсіпкерлік пен әлеуметтік-мәдени қызметтің әр түрлі салаларындағы заң бөлімдеріне (басқармаларына), сонымен қатар нотариалдық кеңселерге бару (оқытушының тиісті басшылықпен алдын ала келіскенінен кейін). Едәуір қызықты азаматтық істер бойынша мұндай барулардың қорытындылары тәжірибелік сабақтарда талқылануы тиіс;

- үй тапсырмасы ретінде заң жобаларына пікір дайындау, себебі, құқықшығармашылық процеске курсанттарды да тартқан жөн болады. Дайындалған пікірлерді тәжірибелік сабақтарда немесе ғылыми үйірме отырыстарында талқылаған орынды болады;

- 3 немесе 4 курста зерделенетін тақырыптарды екере отыра үй тапсырмасы ретінде азаматтық процестік құжаттар жобасын жасау (мысалы, талап арыз жасау, заңды фактілерді анықтау туралы арыз жобасын жасау, бірінші, екінші саты соттарының ұйғарымдарын, шешімдері мен қаулыларының жобасын жасау және т.б.). Тәжірибелік сабақтарда жақсы жасалған немесе төмен дәрежеде жасалған құжаттарды сұрыптау қажет.

Курсанттардың өзіндік жұмысын бақылаудың негізгі нысаны болып оқытушының күнеделікті кеңес берулері табылады, онда, курсанттардың дайындығына бақылау, сонымен қатар, рефераттар бойынша нормативтік материал мен әдебиеттерге тексеру жүргізіледі.

Рефераттарды жазудың, іскерлік ойынның қорытындыларын жасау кезінде оқытушы ең үздік жұмысты сұрыптау мен оны бағалауға, келешекте кемшіліктерді жою үшін кемшіліктер талдауына басты көңілді бөлу қажет.

Курсанттар білімін, олардың өзіндік жұмысының сапасын тексеру семинарлық сабақтарда жүргізіледі. Семинарлық сабақтарда курсант сабақта қарастырылатын тақырыптың теориялық сұрақтары бойынша жақсы дайындалуы тиіс. Мұның өзінде курсант азаматтық процестік кодекстің тиісті нормасына дұрыс сілтеме жасай білуі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тиісті қаулыларын білуі тиіс және тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді зерделеуі тиіс.

«Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша білімдерді игеруді ағымдық бақылау барлық сабақтар түрлерінің барысында және оқытушымен немесе кафедрамен таңдалған нысанда жүзеге асырылады.

Пән бойынша қорытынды бақылау емтихан нысанында жүргізіледі.

2.11. РЕФЕРАТ ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Реферат жазуға негізгі талаптар.

Рефераттың құрылымы зерттеудің мақсатымен және міндетімен анықталады. Жұмыс хронологиялық және проблемалық қағиаттардың үйлесімі негізінде орындалуы тиіс. Ол кіріспеден, 2 немесе 3 бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған қайнар көздер (нормативтік құқықтық актілер, әдебиеттер) тізімінен тұруы тиіс. Тақырыптың күрделілігі мен зерделенгендігіне байланысты көлемі 10-20 бетке дейін болуы керек. Осылайша, реферат автордың таңдаған тақырыбы бойынша қажетті қорытындылары мен ұсыныстары бар аяқталған дербес еңбек болуы тиіс.

Рефераттың мазмұны.

Реферат, жоғарыда айтылғандай тақырыбы мен оны зерттеудің проблемасына байланысты жасалатын өзінің құрылым бар. Оны жазудың белгілі бір жүйесі қалыптасқан.

Кіріспеде автор зерделеп, ұғымын ашуға бел буған тақырыптың қысқаша сипаттамасы, негізгі сұрақтардың негіздемесі болуы тиіс. Тақырыптың өзектілігі, зерделену дәрежесі және жұмыстың теориялық және құқықтық базасы негізделеді, зерттеудің мақсаты мен міндеті айқындалады, жұмыстың жаңашылдығы, тәжірибелік маңызы баяндалады. Кіріспе автормен шешілетін сұрақтардың заманауи негіздерін, автормен оларды зерттеудің жолдарына пікірін және жаңашылдығын көрсетуі тиіс.

Рефераттың негізгі бөлімі – әдетте, курсанттың орындаған өзіндік жұмысының мәні мен шешімін көрсететін ережелер мен мәліметтерден тұратын 2 немесе 3 бөлім (тарау). Рефераттың бұл бөлігінің мазмұнын тармақтар мен параграфтарға бөлуге болады, олардың әрқайсысында нақты қойылған сұрақ бойынша аяқталған ақпараттар болуы тиіс. Тұтас алғанда жұмыстың мазмұны зерттеліп отырған тақырыпқа қатысы бар оқиғалар мен фактілерге, заңнамалық, нормативтік актілерге, нұсқама ережелерге және әдеби қайнар көздерге курсантпен жүргізілген барлық ғылыми талдауы мен қорытындыларының жинтығын көрсету қажет. Зерттеу тақырыбы бойынша кең құжаттамалық база және әдебиеттердің толықтығы қорытынды жасау кезінде жоғары сапа мен негізділікті қамтамасыз етеді.

Қорытындыда – жасалған жұмыстың нәтижелері, қысқаша қорытындысы мен алынған нәтижелері, ұсынымдар мен практикалық ұсыныстар жасалады.

Аяғында пайдаланылған қайнар көздердің тізімін келтіру қажет.

Реферат дербес сипатта болу керек. Қайнар көздерді авторды, жұмыстың атауын, шыққан жылы мен орнын, бетін көрсетіп пікір ретінде пайдалануға жол беріледі. Реферат мәтініне ұсынылған оқу және арнайы басылымдарды жаза салудан алшақ болыңыз, себебі бұл сын пікір берушіге теріс қорытынды (сынақ емес) беруге құқық береді. Бақылау тапсырмасын өтудің ең үздік жолы – сәтті болуға кепілдік беретін және пән бойынша терең білім қалдыратын орындаудың өз нұсқасын жасау.

Рефератты ресімдеу.

Реферат компьютерде жалпытаралған талаптарды сақтай отыра 14 шрифтпен терілуі мүмкін. Мәтінді теру кезінде мынандай колонтитулды сақтау қажет: сол жағы – 3,0 мм, оң жағы –1,0 мм, жоғарғысы –2,0 мм, төменгісі – 2,0 мм. Бетті нөмірлеу төменгі оң жақта жүргізіледі (барлық беттер, оның ішінде сызбалар, диаграммалар, қосымшалар реттілік бойынша нөмірленеді). Орналастырудың мынандай тәртібі ұсынылады:

- 1) титулдық парак;
- 2) мазмұны;
- 3) кіріспе;
- 4) рефераттың бөлімдері (тараулары);
- 5) қорытындысы;
- 6) пайдаланылған қайнар көздердің тізімі;
- 7) қосымшалар.

Қажеттілік болса графиктер мен кестелер түсіндірме мәтіндермен және қажетті мәліметтер пайдаланылған қайнар көздермен, әдебиеттермен қоса

жүреді. Егер мәтінде пікірлер, цифрлық және басқа да ақпараттар пайдаланылса, онда тиісті сілтемелер жасалуы тиіс. Сілтемелер әрбір беттің аяғында болуы тиіс.

Пайдаланылған қайнар көздер мен әдебиеттердің, басқа да ғылыми жұмыстардың тізімін (тізбесін) жасау құжаттың библиографиялық жазбасына сәйкес жүргізу ұсынылады. Егер Интернет материалдары пайдаланылса, онда сайттың ресми атауын көрсету қажет.

Әдебиеттермен өзіндік жұмыстың мынандай реттілігі (кезектілігі) ұсынылады:

1) «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәні бойынша оқу бағдарламасымен танысу;

2) осы «Әдістемелік ұсынымдарды» игеру;

3) осы бағдарламада ұсынылатын әдебиеттерді зерделеу.

Осы әрекет етудің жобалы алгоритімін пәннің әрбір тақырыбын игеру кезінде пайдалған жөн.

Оқу әдебиеттерін зерделеу кезінде оқығанның қысқаша конспектісін, үзінділерді, ескерулерді жасаған және түсініксіз сұрақтарды белгілеп алған өте пайдалы. Соңғыларды түсіну үшін оқытушыға жолығу қажет. Ұсынылған әдебиеттерді зерделеуді аяқтаған соң өз біліміңнің деңгейін өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтарының көмегімен тексерген абзал.

Оқу материалын механикалық түрде жаттаудан түбегейлі аулақ болған жөн. Сан ғасыр тәжірибесі көрсеткендей, ең тиімді болып «жаттаған емес», зерделенетін сұрақтың мәнісіне өз еркімен шығармашылық түрде көз жеткізу табылады.

Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық пәні, басқа да көптеген ғылыми пәндер сияқты соңғы сатыдағы біржолата бекітіліп бекіген ақиқаттың жиынтығы емес. Ол әрқашан дамиды, онда ескінің жойылуы мен жаңа идея, көзқарастар, теориялар туындауының төтеп берілмейтін диалектикалық процесі жүріп жатыр. Аталған инновациялық процес қоғамда болып жатқан ақырғы кездегі күрделі өзгерулерге байланысты күшейіп кетті. Ақпараттың тез ескіруі жағдайында оқу басылымдары елде және әлемде болып жатқан ірі өзгерулерден тундайтын жаңа құбылысты көрсетіп үлгермейді. Бұл көбінесе осы пән бойынша оқулықтарға және пәнге байланысты көптеген басқа басылымдарға да қатысы бар. Оларды басқасын айтпай-ақ техникалық себептер бойынша жыл сайын жаңарту және қайта басып шығару мүмкін емес. Осыған байланысты пән бойынша әдебиеттерде дамудың жаңа тенденцияларына жауап бермейтін немесе оларға қарама-қайшылығы бар ережелер кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда ой-сананың қажетті сыншылдығын көрсете отыра сол немесе басқа басылымның қандай беделді басылым болмасын ескірген идеяларына емес, халықаралық ұйымдардың, елдің жоғары заң шығарушы органдарының заң күші бар құжаттарының, сонымен қатар, тиісті заңға бағынышты актілердің нормаларына сүйену қажет.

2.12. ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Авторлық құқықтың объектісі емес:

- қолданбалы өнердің туындылары;
- сурет, графика, мүсін туындылары;
- карталар, жоспарлар, эскиздер, сценалық туындылар;
- ресми құжаттар, мемлекеттік рәміздер және белгілер, халық шығармашылығының туындылары;
- қосалқы туындылар, жинақтар, хореография және пантомима туындылары.

2. Өнертабысқа инновациялық патенттің жарамдықы мерзімі:

- 20 жыл;
- 3 жыл және бұл мерзімді 2 жылға ұзартуға болады;
- 10 жыл және бұл мерзімді 5 жылға ұзартуға болады;
- 10 жыл;
- 1 жыл.

3. Авторлық құқықты қорғаудың белгісі -

- қоршауға алынған латынша «P» әрпі; айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы); туындының бірінші жарияланған жылы;
- қоршауға алынған латынша "C" әрпі; айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы); туындының бірінші жарияланған жылы;
- қоршауға алынған латынша «N» әрпі; айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы); туындының бірінші жарияланған жылы;
- қоршауға алынған латынша "B" әрпі; айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы); туындының бірінші жарияланған жылы;
- патенттің болуы.

4. Тауар белгісіне құқықтың жарамдылық мерзімі:

- өтінімді тіркеген күннен бастап 15 жыл бойы;
- өтінімді тіркеген күннен бастап 50 жыл бойы;
- өтінімді тіркеген күннен бастап 20 жыл бойы;
- өтінімді тіркеген күннен бастап 10 жыл бойы;
- өтінімді тіркеген күннен бастап 5 жыл бойы.

5. Авторлық құқық автордың барлық өмір бойы қолданылады:

- оның қайтыс болғанынан кейін 25 жыл бойы;
- оның қайтыс болғанынан кейін 50 жыл бойы;
- оның қайтыс болғанынан кейін 70 жыл бойы;
- оның қайтыс болғанынан кейін 65 жыл бойы;
- оның қайтыс болғанынан кейін 60 жыл бойы.

6. Тауар белгісін толық сараптамадан өткізу мерзімі:

- өтінімді беру күнінен бастап 12 ай ішінде;
- өтінімді беру күнінен бастап 6 ай ішінде;
- өтінімді беру күнінен бастап 2 ай ішінде;
- өтінімді беру күнінен бастап 1 ай ішінде;
- өтінімді беру күнінен бастап 3 ай ішінде.

7. Тауар белгісін алдын ала сараптамадан өткізу мерзімі:

- өтінім келіп түскеннен бастап 2 ай ішінде;
- өтінім келіп түскеннен бастап 1 ай ішінде;
- өтінім келіп түскеннен бастап 3 ай ішінде;
- өтінім келіп түскеннен бастап 6 ай ішінде;
- жүргізілмейді.

8. Ғылым, әдебиет және өнер туындыларына авторлық құқық туындайды:

- туындыны тіркеу сәтінен бастап;
- туынды жарыққа шыққан сәтінен бастап;
- туындыны арнайы ресімдеген сәтінен бастап;
- оның жасалу фактісіне байланысты;
- заңмен көзделген тәртіпті сақтаған сәтінен бастап.

9. Өнертабыстың патент қабілеттілігінің шарты

- жаңа, бірігей және өнеркәсіпте қолданылатын.
- бірегей және өнертапқыштық деңгейі бар;
- жаңа, өнертапқыштық деңгейі бар және өнеркәсіпте қолданылатын;
- өнертапқыштық деңгейі бар;
- жаңа және өнертапқыштық деңгейі бар.

10. Заңды тұлғаның фирмалық атауы:

- заңды тұлғалар қатысушыларының жалпы жиналысымен анықталады;
- анықталмайды;
- заңды тұлғаның басшылығымен жеке анықталады;
- оның жарғысын бекіткен кезде анықталады;
- фирмалық атау тағайындалады.

11. Өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігінің талаптары:

- ондай талаптар қажет емес.
- мұны уәкілетті орган белгілейді.
- Заңнамада бекітілген тәртіппен анықталуы мүмкін.
- жаңа болса;
- түпнұсқалық және өнеркәсіпте қолдануға болатын шешім;

12. Патент құқығы объектілерін атаңыз:

- пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі;
- өнертабыстар, пайдалы үлгі, авторлық құқықтар;
- өнертабыс;
- жаңалықтар, оқулықтар және т.б. авторлық құқық объектілері;
- пайдалы модель мен пайдасы жоқ модель;

13. Авторлық құқықтың қорғау белгісі:

- қоршауға алынған латынша «С» әрпі, айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі,
- қоршауға алынған латынша «Р» әрпі, айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі, туындының бірінші жарияланған жылы;
- қоршауға алынған латынша «S» әрпі, айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі, туындының бірінші жарияланған жылы;
- мұндай белгі заңда берілмеген;

- туындының бірінші жарияланған жылы;

14. Пайдалы модельдің патент қабілеттілігінің талаптары:

- мұндай талаптар заңмен белгіленбеген;

- жаңа болуы;

- өнертапқыштық деңгейі;

- автордың шығармаға айрықша құқығы;

- өнеркәсіпте қолданылуы;

15. Зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері:

- заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік);

- заңсыз әдет-ғұрып;

- зиянның орнын толтыру;

- ақшалай қаражат;

- келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиян;

16. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері:

- азаматтың жеке басының қасиеттері;

- адамның жеке меншік мүлкі;

- осы аталғандардың барлығы;

- интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері;

- азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары;

17. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері:

- адамның жеке заттары;

- ғылым, әдебиет және өнер туындылары;

- ерлі-зайыптылардың бірлесіп жинаған мүлкі;

- интегралдық микросызба топологиялары;

- қымбат бағалы заттар;

18. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары:

- фирмалық атаулар;

- селекциялық жетістіктер;

- ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);

- өндірістік үлгілер;

- тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);

19. Авторлық құқық объектілері мыналар болып табылады:

- халық ауыз әдебиетінің шығармалары;

- әдеби туындылар;

- мемлекеттік әнұранның мәтіні;

- оқиғалар туралы ақпараттар;

- сценарийлік туындылар;

20. Мыналар авторлық құқық объектілері болып табылмайды:

- өнер туындылары;

- әдебиет туындылары;

- халық шығармашылығының туындылары;

- ғылыми туындылар;

- ресми құжаттар;

21. Сабақтас құқықтардың объектілері:

- қойылымдар;
- халық ауыз әдебиетінің шығармалары;
- оқиғалар туралы ақпараттар;
- орындаушылық;
- азаматтың есімі мен аты-жөні;

22. Тауар шыққан жер атауын пайдалану құқығына куәліктің жарамдылық мерзімі:

- патент органына (ұйымына) өтінімнің келіп түскен күнінен бастап 10 жыл.

- патент органына (ұйымына) өтінімнің келіп түскен күнінен бастап 5 жыл.

- патент органына (ұйымына) өтінімнің келіп түскен күнінен бастап 15 жыл.

- патент органына (ұйымына) өтінімнің келіп түскен күнінен бастап 20 жыл.

- патент органына (ұйымына) өтінімнің келіп түскен күнінен бастап мерзімсіз.

23. Сабақтас құқықтар қолданылады:

- 50 жыл

- 70 жыл

- 25 жыл

- 20 жыл

- 10 жыл

24. Ноу-хауға жататын ақпарат:

- конфиденциалды;

- жалпыға қолжетімді;

- «қызметтік пайдалану үшін» грифымен;

- коммерциялық құндылығы бар конфиденциалды.

- «ерекше құпия» грифы бар.

25. Тундының авторы болып:

- шарты немесе заң бойынша айрықша құқықтарға ие болатын құқық мирасқоры танылады;

- тундыны жасау кезінде техникалық көмек көрсеткен тұлға танылады;

- заңды тұлға танылады;

- туынды шығармашылық еңбегімен жасалған жеке тұлға танылады;

- туындыны жарыққа шығарған тұлға танылады.

26. Авторлық шарттың пәні -

- автордың мүлкітік құқықтары;

- автордың нақты бір туындысын пайдалану бойынша құқық;

- автордың мүлкітік емес құқықтары;

- сабақтас құқықтар;

- әдебиет, ғылым және өнер туындылары.

27. Айрықша құқықтарды беру -

- уақытқа ғана жүргізіледі;
- толық көлемде болмайды;
- толық немесе жартылай уақытша жүргізіледі;
- өмір бойы толық көлемде жүргізіледі.
- жол берілмейді.

28. Авторлық құқық туралы дүниежүзілік конвенция:

- 1949 жылы күшіне енді.
- 1950 жылы күшіне енді.
- 1952 жылы күшіне енді.
- 1954 жылы күшіне енді.
- 1955 жылы күшіне енді.

29. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілер тізбесіне енбейді:

- карталар, жоспарлар, эскиздер;
- идеялар, тұжырымдар;
- драмалық туындылар;
- компьютерлік бағдарламалар
- аудиобейне туындылар.

30. Өнеркәсіптік үлгіге жатпайды:

- өнеркәсіптік құрылыс объектісі;
- өсімдіктер мен жауарлардың жасушалық мәдениетінің штаммы;
- тәсіл, зат;
- сұйық немесе газ құрамды заттардан тұратын тұрақсыз нысаны бар

объекті;

- сыртқы бейнесін көрсететін бұйымның көркемдік конструкторлық дизайны.

31. Микроағза штаммы – бұл -

- технологиялық процес;
- бактерия;
- емдеу әдісі;
- затты алу тәсілі;
- диагностикалау әдісі.

32. Ашылмаған ақпаратты білетін тұлға оны басқа тұлғаға....

- тегін пайдалану шарты бойынша бере алады;
- сатып алу сату шарты бойынша бере алады;
- франчайзин шарты бойынша бере алады;
- лицензиялық шарт бойынша бере алады;
- сыйға тарту шарты бойынша бере алады.

33. Өзарабайланысқан элементтердің жиынтығынан тұратын қолдан жасалған материалдық құрылым ол -

- құрылғы
- зат
- өнертабыс
- пайдалы модель

- өнеркәсіптік үлгі

34. Жосықсыз бәсекелестіктің түрлеріне жатпайды:

- жаңылыстыру;

- жалған көзқарас айту;

- салыстырмалы жарнама;

- басқа тұлғаның жетістігін заңды түрде пайдалану;

- араластыру.

35. Өнертабысқа патенттің жарамдылық мерзімі:

- 15 жыл

- 20 жыл

- 10 жыл

- 5 жыл

- 3 жыл

36. Пайдалы модельге патенттің жарамдылық мерзімі -

- 15 жыл

- 20 жыл

- 10 жыл

- 5 жыл

- 3 жыл

37. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің жарамдылық мерзімі -

- 15 жыл

- 20 жыл

- 10 жыл

- 5 жыл

- 3 жыл

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ МЕН ӨЛШЕУДІҢ ӨЛШЕМДЕРІ. БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық пәні «Құқыққорғау қызметі» мамандығының курсанттары үшін міндетті түрде оқытылатын пән болып табылады. Кредиттік технология бойынша бұл пән 3 курста, 5 семестрде оқытылады және 1 кредитті құрайды.

Курсанттарға білімді бағалаудың технологиясын анық түсіндіру–пәнді меңгеруге курсанттың тиімді және тиісті қатысуының кепілі.

Курсанттың білімін бағалау 2 кезеңде жүргізіледі:

1 кезең–тәжірибелік (семинарлық) сабақтарға қатысуды, КООЖ тапсырмаларын орындауды, ағымдағы межелік бақылауларды өтуді қамтитын семестр бойы курсанттың жұмысын бағалау.

2 кезең–барлық Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық пәнін аяқтағаннан кейін жүргізілетін 60 сұрақтан тұратын емтихан (тестілеу) нысанындағы қорытынды бақылау.

Қорытынды баға қойған кезде бұл кезеңдердің ара-қатынасы 60% -тан 40% дейін құрайды, яғни, бірінші кезеңнің бағасы жалпы бағаның 60 % құрайды, ал екінші кезеңдікі түпкілікті бағаның 40% құрайды.

Сонымен, бірінші кезеңнен бастайық. Семестр бойы жұмыс «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәнін меңгеруде мынандай қатысулардың нысанында бағаланады:

1. Тәжірибелік (семинарлық) сабақтарға қатысу;
2. КООЖ тапсырмаларын орындау және ол бойынша есеп беру;
3. КӨЖ тапсырмаларын орындау;
4. Курстың блоктары бойынша ағымдағы межелік бақылауларды өту;
5. Дәріс материалын талқылауға белсенді қатысу.

«А», «А-» (өте жақсы) – егер курсант барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

«В+», «В», «В-», «С+» («жақсы») - егер білім алушы бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

«С», «С-» («қанағаттанарлық») - деген баға егер білім алушы негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе;

«D+», «D» («қанағаттанарлық») - егер курсант негізгі материалды ғана меңгерген болса, бағдарлама материалдарын таныстырудағы дәйектілікті бұзады және практикалық тапсырмаларды орындауға қиындық туғызады;

«F» («қанағаттанарлықсыз») - егер курсант бағдарлама материалының елеулі бөлігін білмесе, 0% -30%;

Егер білім алушы 30-40% елеулі қателіктер жіберсе.

Егер білім алушы бағдарлама материалының едәуір бөлігін білмесе, тәжірибелік 40-49%-ын қатты қиналып орындаса, қойылады.

A-дан A-ға, B-дан B+ -ке дейінгі, D-дан C+ -ке дейінгі бағалар аралығын таңдау білім алушылардың сәйкес келу дәрежелері жоғарыдағы критерийлермен анықталады.

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

2.13. ПӘН БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Интеллектуалдық меншік құқығының пайда болу тарихы. Интеллектуалдық құқық: ұғымы, оның мазмұны. Азаматтық құқық жүйесіндегі интеллектуалдық құқықтың орны.

2. Интеллектуалдық құқықтар жөніндегі заңнама. Заңдар мен заңға бағынышты актілер. Ұлттық заңнама және халықаралық шарттар.

3. Интеллектуалдық құқықтың объектілері және олардың жіктелуі. Интеллектуалдық қызметтің нәтижелері. Дараландыру құралдары және өзге объектітер. Кейбір объектілерді мемлекеттік тіркеу.

4. Айрықша құқықтар: ұғымы, мазмұны, әрекет ету шегі. Айрықша құқықтардың туындауы.

5. Айрықша құқықтарға билік ету. Айрықша құқықтарды иеліктен шығару жөніндегі шарттар.

6. Лицензиялық шарттар: ұғымы, нысаны, ақылылығы, мерзімі.

7. Лицензиялық шарттардың түрлері. Сублицензиялық шарттар.
8. Интеллектуалдық құқықтарды қорғаудың тәсілдері.
9. Авторлық құқық: қорғалатын объектілер.
10. Қорғалмайтын шығармалар. Авторлық шығармаларды қорғаудың пайда болуы.
11. Шығармалардың нысаны мен мазмұны және оларды қорғау. Шығармалардың жеке бөліктерін қорғау. Кейіпкерлерді қорғау.
12. Туынды және құрама шығармалар.
13. Жеке авторлық құқықтар.
14. Айрықша авторлық құқық.
15. Авторлық шығармаларды еркін пайдалану.
16. Авторлар, қос авторлар, авторлардың құқық мирасқорлары.
17. Шығармаларға айрықша құқықтар жарамдылығының мерзімі.
18. Аудиовизуалдық шығармалар.
19. Қызметтік шығармалар.
20. Лицензиялық авторлық шарттар, ұғымы, нысаны, пайда болу шарттары.
21. Авторлық тапсыру шарты. Басып шығару шарты. Автордың жасалған шарттары бойынша жауаптылық.
22. Өтем ақы бұзылған авторлық құқықтарды қорғаудың тәсілі ретінде.
23. Сабақтас құқықтардың ұғымы. Орындаушының құқықтары.
24. Фонограмма шығарушының құқықтары.
25. Хабар тарату ұйымдарының құқықтары. Басып шығарушылардың құқықтары.
26. Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару.
27. Патенттік құқықтар: қорғалатын объектілер, қорғаудың пайда болуы.
28. Өнертабыстың ұғымы және белгілері. Жаңашылдығы және өнертапқыштық деңгей.
29. Қызметтік өнертабыс.
30. Патент алу құқығы.
31. Өнертабысқа патентті алу рәсімі. Өтінімнің мазмұны. Өнертабыс формуласы.
32. Өнертабысқа патент. Патенттелген өнертабысқа айрықша құқықтың мазмұны.
33. Патенттелген өнертабыстарды еркін пайдалану. Уақытша құқықтық қорғау. Алдын ала пайдалану құқығы және кейін пайдалану құқығы.
34. Өнертабысқа патент иеленушінің міндеттері. Мәжібүрлі лицензиялар.
35. Берілген патенттерді даулау.
36. Пайдалы моделге құқық.
37. Өнеркәсіптік үлгіге құқық.
38. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патенттік құқықтың жарамдылық мерзімі.
39. Селекциялық жетістіктерге құқық.
40. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар.

41. Өндіріс құпиясына құқық.
42. Фирмалық атауға құқық.
43. Тоуар белгілері: ұғымы, түрлері. Қызмет ету белгілері.
44. Тауар белгісі ретінде тіркелмейтін белгілер.
45. Тауар белгілерінің жаңашылдығы. Бірдей және араласу деңгейіне дейінгі ұқсас тауар белгілері. Біртекті тауарлар.
46. Тауар белгісіне құқықты алу рәсімі. Тауар белгісіне өтінім берушінің ұғымы.
47. Тауар белгісіне айрықша құқық. Тауар белгісіне куәлік, оның жарамдылық мерзімі.
48. Тауар белгісін иеленушінің құқықтары мен міндеттері.
49. Тауар белгісін даулау.
50. Коммерциялық белгіге құқық.
51. Интеллектуалдық қызмет нәтижелерін бірыңғай технология құрамында пайдалану құқығы.
52. Жалпыға мәлім тауар белгісі.
53. Ұжымдық белгі.
54. Тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруді даулау және жарамсыз деп танудың тәртібі.
55. Тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін жауаптылық.
56. Тауар шыққан жердің атауы.
57. Коммерциялық белгі.
58. Өндіріс (ноу-хау) құпиясы.
59. Интеллектуалдық құқықты қорғаудың негізгі тәсілдері.
60. Интеллектуалдық құқықты бұзғаны үшін жауаптылық түрлері.

2.14. «Интеллектуалдық меншік және авторлық құқық» пәні бойынша қысқаша ГЛОССАРИЙ

Автор – шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға

Авторлық құқық – ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирдік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (сабақтас) жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың бір институты.

Авторлық құқық - автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары.

Авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралы – туындыларға немесе сабақтас құқықтар объектілеріне қол жеткізуді бақылайтын, автор, сабақтас құқықтар иесі немесе өзге де айрықша құқықтар иесі туындыларға немесе сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты рұқсат етпеген іс-әрекеттерді жүзеге асыруды болғызбайтын не шектейтін техникалық (бағдарламалық-техникалық) құрылғы немесе оның компоненттері.

Авторлық шарт – нысанасы бір немесе бірнеше авторлық құқық объектілерін пайдалануға мүліктік құқықтарды беру болып табылатын шарт. Авторлық шарт лицензиялық шарттың бір түрі болып табылады.

Айрықша емес құқық – заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, автордың немесе өзге құқық иеленушінің тиісті рұқсатымен басқа адамдардың құқық иеленушімен бір мезгілде туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарын пайдалана алатын құқығы

Айрықша құқық – автордың және (немесе) өзге де құқық иеленушінің туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектісін белгіленген мерзім ішінде кез келген тәсілмен пайдалануды жүзеге асыруға, оған рұқсат беруге және тыйым салуға мүліктік құқығы.

Айрықша құқық – патент иесінің селекциялық жетістікті өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы.

Айрықша құқық – тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға оның иесінің мүліктік құқығы.

Айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілер – жекелеген элементтерінің айырмашылығы бар және тұтынушы ұқсастық тұрғысында бірдей деп қабылдайтын ұқсас белгілер немесе белгілемелер.

Апелляциялық кеңес – уәкілетті органның дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі бөлімшесі.

Бірдей тауар белгілері – барлық элементтері сәйкес келетін белгілер немесе белгілемелер.

Жазу – дыбыстарды және (немесе) бейнелерді техникалық құралдардың көмегімен оларды бірнеше қайтара қабылдауға, қайта шығаруға немесе хабарлауға мүмкіндік беретін қандай да бір материалдық нысанда жазып алу.

Жалпы жұрттың назарына жеткізу – авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін көпшілік оларға өзінің жеке қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта (интерактивтік режимде) қол жеткізуді жүзеге асыра алатын сым арқылы немесе сымсыз байланыс құралдарымен хабарлау.

Жариялау – автордың не авторлық немесе сабақтас құқықтар объектілеріне өзге құқық иеленушінің келісімімен туындының, орындаушылық жазбасының немесе фонограмманың даналарын көпшіліктің орынды қажеттіліктерін қанағаттандыратын мөлшерде көпшілікке ұсыну жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы – тауар таңбасы ретінде пайдаланылып жүрген белгі немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге орай, мүдделі тұлғалардың дәлелдемелеріне негізделген құзыретті органның немесе соттың шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар таңбасы.

Интегралдық микросхема – электрондық схема функцияларды орындауға арналған түпкілікті немесе аралық нысандағы микроэлектронды бұйым, оның элементтері мен байланыстары бұйым дайындалғанда негізге алынған материалдың көлемінде және (немесе) бетінде бөлінбейтін етіп қалыптастырылады.

Интегралдық микросхема топологиясы – интегралдық микросхеманың элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының материалдық жеткізгіште тіркелген кеңістіктік-геометриялық орналасуы.

Кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлау – туындыны, фонограмманы, орындаушылықты, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдары хабарын жалпы жұрттың назарына кәбіл, сым, оптикалық талшық арқылы немесе соған ұқсас құралдардың көмегімен хабарлау.

Көпшілік алдында орындау – туындыны мәнерлеп оқу, ойнау, билеу немесе қандай да бір өзге жолмен, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен отбасы мүшелері болып табылмайтын адамдар болатын немесе болуы мүмкін орындарда орындау.

Көпшілікке көрсету – туындының түпнұсқасын немесе данасын тікелей немесе слайд, кино-, телекадр түрінде экранда, басқа кез келген техникалық құралдың көмегімен немесе кез келген өзге әдіспен (дыбыстау-бейнелеу туындысына қатысты - олардың реттілігінен тыс жеке кадрларды көрсету) отбасы мүшелері болып табылмайтын адамдар болатын немесе болуы мүмкін орындарда көрсету.

Көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару) – жазбаша және басқа да графикалық туындылар түпнұсқаларының немесе көшірмелерінің фотокөшірме жолымен немесе басып шығарудан өзге басқа да техникалық құралдар арқылы кез келген мөлшерде және нысанда бір немесе одан да көп данасын факсимильдік қайта шығару. Репрографиялық қайта шығаруға аталған

көшірмелерді электрондық (цифрлық көшірмелерін қоса), оптикалық немесе машинамен оқылатын өзге де нысанда сақтау немесе қайта шығару кірмейді.

Қайта шығару – туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан да көп тұрақты немесе уақытша даналарын кез келген әдіспен және кез келген нысанда, толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама түрде дайындау. Қайта шығару түрлері дыбыс- немесе бейнежазбаны дайындау, екі өлшемдік немесе үш өлшемдік туындының бір немесе одан да көп даналарын дайындау, сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде кез келген тұрақты немесе уақытша сақтау болып табылады.

Құқық иеленуші – авторлық құқыққа қатысты автор (оның мұрагерлері), сабақтас құқықтарға қатысты орындаушы (оның мұрагерлері), фонограммаларды жасаушы, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымы, сондай-ақ шарт бойынша немесе Заңда көзделген өзге де негіз бойынша туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға айрықша құқық алған өзге де жеке немесе заңды тұлғалар.

Құрамдас туынды – материалдарды іріктеп алу және (немесе) орналастыру бойынша шығармашылық қызметтің нәтижесін білдіретін туындылар мен басқа да материалдардың жинағы (энциклопедия, антология, деректер базасы).

Лицензиялық шарт – ол бойынша құқық иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) топологияны белгілі бір әдіспен уақытша пайдалануға құқық беретін шарт.

Патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары.

Пайдаланушы – авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануды жүзеге асыратын немесе ұйымдастыратын жеке немесе заңды тұлға.

Сабақтас құқықтар – орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымының мүліктік құқықтары және орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары.

Сәндік-қолданбалы өнер туындысы – көркем кәсіпшілік туындысын немесе өнеркәсіптік әдіспен дайындалған туындыны қоса алғанда, іс жүзінде пайдаланылатын заттарға көшірілген екі өлшемді немесе үш өлшемді өнер туындысы.

Спектакльді қоюшы – режиссер - театр, цирк, қуыршақ, эстрада спектаклін немесе өзге де спектакль (көрсетілім) қойылымын жүзеге асырған адам. селекциялық жетістік - адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын өсімдіктің патент берілген жаңа сорты, жануарлардың жаңа тұқымы.

Селекциялық жетістік авторы (селекционер) – сортты, тұқымды жасаған, тапқан немесе өсіріп шығарған жеке адам.

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі – Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасының патенттер берілген сорттарды, тұқымдарды қамтитын қорғалатын жануарлар тұқымдарының мемлекеттік тізілімі.

Селекциялық жетістіктердің пайдалануға ұсынылатын мемлекеттік тізілімі – пайдалануға ұсынылатын, өндірісте шаруашылыққа пайдалану үшін ұсынылатын сортты, тұқымды қамтитын, Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізілімі.

Топологияға айрықша құқық – құқық иеленушінің топологияны өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүлкітік құқығы.

Топологияны пайдалану – Заңда өзгеше көзделмесе, топологияны, осы топологиямен бірге интегралдық микросхеманы немесе осындай интегралдық микросхеманы қамтитын бұйымды қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату немесе азаматтық айналымға коммерциялық мақсаттарда жүзеге асырылатын өзгедей енгізу.

Тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы – Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі.

Тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану - тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын қорғалатын тауарларда және қызметтер көрсету кезінде және (немесе) олардың бумасында қолдану, тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауының белгілемесі бар тауарды жасау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайшажазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу.

3.15. Құрастырушы: кафедра аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры Қалиев Абылай Ақылбайұлы